БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 165 (9483) || 1954 жылғы 20 август Жұма || Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Қазақстан КП Орталық Комитетінде (1-бет).
ЕГІН ЖЫЙНАУ МЕН АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ АУА РАЙЫНЫҢ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛСА ДА ҚЫЗУ ЖҮРГІЗІЛСІН:
Б. Жақыпов. —Комбайндардың егін жыйнаудан босқа туруы көп (1-бет).
Қ. Ахметов. —Мол өнімді егін өсіріп, оны ысырапсыз жыйнаудамыз (1-бет).
Қазақ ССР Статистика басқармасының хабары (2-бет).
Тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру—бүкілхалықтық міндет (2-бет).
М. Гардберг. —Село рационализаторларының жаңалықтары (3-бет).
Х. Рахметов. —Өздерінің қамы үшін (3-бет).
С. Сауытбеков.— Мекемелер пәтерлерге, пәтершілер мекемелерге көшті (3-бет).
Ә. Сулейменов. —Қала мектептері жаңа оқу жылы қарсаңында (3-бет).
Г. Керпешова. —Әйелдер —өндірісте зор күш (3-бет).
Д. Неволин.—Булаев май өндірушілерінің табысы (3-бет).
В. Латов. —Кореяның оңтүстігі мен солтүстігінде (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

Комбайн агрегаттарындағы партия ұйымдастырушылары

Кәзір облысымызда егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмыстары күннен- күнге кең құлаш жайып, қыза түсуде. Озат комбайншылар, тракторшылар егінді қысқа мерзімде, ысырапқа ұшыратпай жыйнап алу жөнінде Ставрополь өлкесі, Петров МТС-і механизаторларының социалистік жарысқа шақыруын қызу қолдап, егін жыйнау мен астық бастыруды алғашқы күннен үлгілі жүргізіп келеді. Мәселен, Ленин ауданындағы Образцовой МТС-нің «Новый путь» колхозында жұмыс істейтін комбайншылары А. Галкин, Е. Харушин комбайншылардың көмекшілері П. Дылгин, А. Макарова жолдастар «Сталинец—6» комбайнымен күніне 18 —20 сағаттан жұмыс істеп, 30-32 гектар алаңның егінін жыйнап жүр. Бұлар 20 жұмыс күні ішінде бір комбайнмен 800 гектар егін жыйнап, 8000 центнер астық бастыруға, 5 процеттен жанар, жағар майларын үнемдеуге міндеттенген болатын. Кәзір қабылдаған міндеттемелерін іс жүзінде аброймен орындап келеді. Осының нәтижесінде колхоз мемлекетке астық тапсыру қарқынын еселеп арттырып, елімізде астық молшылығын жасау жолындағы бүкілхалықтық күреске келелі үлес қосуда.

Егін жыйнау мен астық дайындау әрі маусымды, әрі мемлекеттік маңызы орасан зор жұмыс. «Егін жыйнау, —делінген СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысында, —ауыл шаруашылығындағы жұмыстың аса маңызды, қорытынды кезеңі болып табылады. Мемлекетке астықты және ауыл шаруашылығының басқа өнімдерін тапсыру жоспарының ойдағыдай орындалуы, колхоздар мен совхоздардың меншікті өте саналы тұқыммен, қоғамдық мал үшін жеммен, құнарлы және жай шөппен қамтамасыз етілуі, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайту және колхозшылардың материалдық әл- ауқатын арттыру барлық егін жыйнау жұмыстарын дер кезінде және жоғары саналы өткізуге байланысты». Аталған озат комбайншылар Пленумның бұл нұсқауының саяси және шаруашылық маңызын жете түсінген. Сондықтан да олар өздеріне жүктелген күрделі міндетке саналылық, жауаптылық сезіммен қарап, Отан игілігі үшін білімдерін де, қабілеттерін де аямай жұмсап келеді.

Июнь Пленумының қаулысында егін

Бірақ, агрегаттарға бөлінген партия ұйымдастырушыларының басым көпшілігі партия тапсырған міндетке жауапсыз қарап, ұйымдастырушылық роль атқара алмай жүр. Қалалық партия комитеті бөлген партия ұйымдастырушыларынан Преснов МТС-нің комбайн агрегаттарында 10 адам жұмыс істеуге тиіс еді. Солай бола тұрса да, 10 августқа дейін олардан МТС -ке небары 3-ақ адам барған.

Комсомолец Красников жолдас осы ауданның Ворошилов атындағы колхозда комбайн агрегатында партия ұйымдастырушы болып істеуге бекітілген. Не пайда, Красников жолдас егін жыйнау басталғалы агрегатта мардымды ештеңе істемеген. Ол маскүнемдікке салынып, колхоз орталығында босқа жүруді әдетке айналдырған. «Прибой» колхозындағы комбайн агрегатына бөлінген партия ұйымдастырушысы, коммунист Пустовалов жолдас комбайн жанында сирек болатын болған, ол көбіне үйінде жүріп, тіпті агрегатта не болып жатқанын білмейтін халге ұшыраған.

Ленин ауданының «Бірлік» колхозында егін жыйнау мен астық дайындаудың барысы өте- мөте баяу. Комбайндар жиі тоқтап қала береді. Агрегатта еңбек тәртібі тиісті дәрежеде емес. Бұл кемшіліктер осы колхоздағы комбайн агрегатындағы ұйымдастырушы коммунист Абросимов жолдастың көз алдынан өтіп жатыр. Алайда, Абросимов жолдас бұған қынжылмайтын көрінеді, оның өзі «уақыт жетеді, егінді жыйнап үлгереміз» деген пікірдің шырмауына түскен.

Комбайн агрегаттарына бөлінген партия ұйымдастырушыларының жұмысты осындай өте нашар істеуінен облыстың көптеген колхоздарында егін жыйнауға комбайн қуаты өнімді пайдаланылмай келеді. Еңбек өнімділігі мейлінше төмен. Астық ысырабына жол берілген. Жекелеген механизаторлар мемлекеттік маңызы зор бұл іске немкетті қарайтын болған. Бұған мүлдем төзуге болмайды. Бұл сияқты кемшілікке жол беру егінді ысырапсыз кезінде жыйнап алу, елімізде астық молшылығын жасау мүддесіне нұқсан келтіру деген сөз.

Комбайн агрегаттарына бөлінген партия ұйымдастырушылары агрегаттағы ұйымдастыру жұмысында негізгі тұлға. Олар

Егін жыйнау мен астық дайындау ауа райының қандай жағдайында болса да қызу жүргізілсін

★

МОЛ ӨНІМДІ ЕГІН ӨСІРІП, ОНЫ ЫСЫРАПСЫЗ ЖЫЙНАУДАМЫЗ

Біздің бригаданың мүшелері СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысын жүзеге асыру мақсатымен егіншіліктің мәдениетін арттыруда айтарлықтай табыстарға ие болуда. Механизаторлар «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының колхозшыларымен жұмысты тығыз ынтымақтаса істей отырып, көктемгі егісті агротехникалық ережелерге сәйкес өткізе білді. Қысқа мерзімде 1323 гектар дәнді дақылдар, оның ішінде 1095 гектар бағалы дақыл—жаздық бидай егісін екті.

Көктемгі дала жұмыстарында агротехникалық ережелердің қатаң сақталуы бітік егін өсуін қамтамасыз етті. Бригада мүшелері мол өнімді егінді ысырапсыз жыйнау үшін бұл іске барлық жағынан ұйымшылдықпен кірісті. Комбайндар сапалы жөнделіп, егін жыйнау жұмысы басталғанға дейін жұмысқа әзір етілді.

Біз бұдан бірнеше күн бұрын егін жыйнауға кірістік. Комбайншы К. Ахметов жолдас бір «Сталинец-6» комбайнымен екіжарым күнде 48 гектар рыжик жыйнап, оның әрбір гектарынан 4,7 центнер орнына, 10 центнерден астам өнім алды. Колхоз бұл өнімнен 100 мың сом пайда тапты. Біз кәзіргі уақытта арпаны, жаздық бидайды орып жүрміз.

Егін жыйнауда, әсресе, комбайншы Ахметов жолдастың агрегаты ерекше көзге түсуде. Агрегат мүшелері өздерінің міндеттеріне жауаптылықпен қарап, комбайнның тоқтаусыз жұмыс істеуіне жетісіп келеді. Комбайншының көмекшісі Кежняк, сабан үюшілер Б. Ахметов, Ш. Ахметов, тракторшы Ш. Әбішов жолдастар бар күш- жігерлерін комбайнның тоқтаусыз жұмыс істеуіне жұмсауда. Осы себепті де бұл агрегат бригадада алда келеді.

Біз комбайндардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатымен комбайндарға және комбайндары суйрейтін тракторларға техникалық күтімді уақытылы жүргізіп отырамыз. Егін жыйнауға кірісер алдында машиналарға бір сағат техникалық күтім жасалынады. Бұл кезде мен көмекшім Сапубалин

★

Комбайндардың егін жыйнаудан босқа туруы көп

Совет, Ұзынкөл, Қарағанды совхоздарының коллективтері быйыл бітік егін өсіріді. Бірақ, осындай мол өнімді жыйнау жұмысына әзірлік бұл совхоздарда өтемөте қанағаттанғысыз ұйымдастырылып келеді. Осының салдарынан оларда егін жыйнаудың басталғанына жарты айдан астам уақыт өтсе де, жұмыстың барысы өте баяу болып отыр.

Совет астық совхозының № 2 бөлімшесінде егін жыйнайтын 12 тіркемелі комбайнның 8-і, өздігінен жүретін 5 комбайнның екеуі ғана жұмыс істейді. Соның өзінде жұмыс істеп жүрген комбайн агрегаттарының қуатын өнімді пайдалануға бөлімше басшылары (меңгерушісі Баймұқанов жолдас) жағдай тұғызбай келеді. Осының салдарынан бөлімшеде 10 комбайн мен күн сайын 130—135 гектар ғана егін жыйналып жүр. Комбайншылардың еңбек өнімділігін арттыруына бөгет болып отырған жағдай комбайн бункерінен астық алатын машиналардың жетімсіздігі. Агрегаттарға бөлінген жүк автомашиналары бункерден астық тиеп, оны қырманға апарып қайта оралып келгенше, бункердің астыққа толып қалуынан агрегаттар тоқтап тұрады. Шоферлар арасында еңбек тәртібінің дұрыс ұйымдастырылмауынан олардың көбі, әсресе, таңертеңгілікте жұмысқа мезгілінде шықпайды.

Бөлімшеде бастырылған астықты тазарту, кептіру жұмыстары да қолда бар мүмкіншіліктер дәрежесіне сай ұйымдастырылмаған. Мұндағы механикаландырылған веялкалар осы уақытқа дейін жұмысқа қосылмай тұр. Мұның өзі комбайннан қырманға түскен астықтың кезінде тазартылмай үйілін қалуына әкеліп соғуда.

Егін жыйнауға комбайн қуатын пайдалану, әсресе, совхоздың № 1 бөлімшесінде өте-мөте нашар. Бұл бөлімшеде егін жыйнан жүрген әрқайсысында тіркеуде екі комбайн бар үш агрегаттан астық алуға небары бір ғана жүк автомашинасы

★

далану жөнінде тиісті шаралар қолданбай отыр.

Сол сияқты, Ұзынкөл совхозының басшылары (директоры Темірбеков жолдас) комбайндарды егін жыйнауға пайдалану жұмысын бетімен жіберген. Бұл сөзімізді дәлелдеу үшін совхоздағы 68 комбайнның небары 8-і ғана жұмыс істеп жүргенін айтудың өзі жеткілікті. Комбайн агрегаттарының егін жыйнауға осыншама нашар пайдаланылуының салдарынан совхозда пісіп жетілген дәнді дақылдардың кейбір участоктерінде дән жерге құйылып қалу фактілері орын алып отыр. Бірақ, бұл жағдай да совхоз басшыларын әлі де болса ойландыратын көрінбейді. Өйткені, олар күні осы уақытқа дейін барлық комбайндарды толық жұмысқа қосудың шараларын қарастырмай келеді.

Егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарының кәзіргі барысы Қарағанды, Возвышен совхоздарында да баяу жүргізілуде. Бұл совхоздардың басшылары егінінің пісіп, жетілу жайымен жете таныспай, кеңседе отырып: «егініміз әлі піскен жоқ» деуге шімірікпейді де. Шынында ол совхоздардың қай бөлімшелерінде болса да пісіп тұрған егін жоқ емес. Бірақ, оларды іріктеп жыйнау жұмысын ұйымдастырмастан, совхоз басшылары комбайндарды бөлімшелердің орталықтарына әкеліп қоюмен, егіннің жаппай пісуін күтуде.

Аталған совхоздардың қай-қайсысында болса да комбайндардың саны олардағы егінді қысқа мерзім ішінде жыйнап алуды қамтамасыз ете алады. Мәселе, комбайн парктерінің қуатын жұмысқа өнімді пайдалануды мұқият ұйымдастыра білуде болып отыр. Сондықтан, совхоз басшылары барлық комбайн агрегаттарының жұмысқа толық қатыстырылуын, сонымен бірге, әрбір комбайншының күндік тапсырмаларын үнемі асыра орындауына жағдай тұғызылуын ұйымдастыра білулері қажет. Сол сияқты, бастырылған астықты тазартып

★

НАУҚАН ЗОР ӘЗІРЛІКПЕН БАСТАЛДЫ

Ильич МТС-нің қамтуындағы Калинин атындағы ауылшаруашылық артелі (Ленин ауданы) егін ору науқанын толық әзірлікпен бастады. Колхоз егін орағына тиісті шаруашылықты күнілгері дайын етті. Екі астық қоймасының ішісырты сыланып, жөндеуден өтті. Мұндағы астық таразылары байқаудан өткізіліп, жарамдылығы тексерілді. Сол сияқты, төрт ашық және жабық қырман жасалынып, іске қосылды.

Егін жыйнауда жүрген әр комбайнға бір- бір машина және астық өнімі мол участоктерде қосымша көліктермен қамтамасыз етілді. Бұл комбайндардың бункерден астықты жүріп келе жатып түсіруіне толық мүмкіндік жасады. Сондықтан комбайншы К. Қамбаров, Қ. Тілеубердин жолдастардың әрқайсысы күніне үнемі 20—25 гектар жердің егінін жыйнап, 250—300 центнерден астық бастырып жүр.

Колхозда 5 комбайн жұмыс істейді. Бұлардан орта есеппен күніне колхоз қырманына 1000—1200 центнерден астық түседі. Осындай мол түсімнің тез кептіріліп, тазаланып, іле дайындау пунктіне жөнелтілуін қамтамасыз ету үшін колхоз басқармасы қолда бар төрт веялканы өнімді пайдалану мақсатын қарастырған. Кәзірде астық тазалаушылар бір сменаның өзінде мың центнерге дейін дән тазартуда. Сөйтіп, колхоз ұйымдасқан түрде мемлекетке астықты көптеп тапсыра бастады.

С. САУЫТБАЕВ.

Озаттар бастамасына іспен жауап

Преснов ауданы, Майбалық МТС-нің механизаторлары Ставрополь өлкесі, Петров машина- трактор станциясы комбайншыларының еліміздің барлық комбайншыларына жазған үндеуін қызу қолдап, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер қабылдаған болатын. Кәзір МТС механизаторлары егін

[illegible] агрегаттарының қалтқысыз жұмыс істеуін бақылап, оны қамтамасыз ету үшін әрбір 3-5 комбайнға партия, совет активтерінен ұйымдастырушылар болу міндеті қойылды. Облысымыздың қалалық, аудандық партия комитеттері бұл міндетті мінсіз жүзеге асыру жолында еңбеңдер жұмыс істеді. Демек, қаладан, аудандардың орталықтарынан комбайн агрегаттарына жүздеген активтер жіберілді. Партия, совет активтерінен ұйымдастырушылардың жіберілуі көп комбайн агрегаттарында үгіт- бұқаралық жұмыстарының алда тұрған міндеттер дәрежесіне сай жүргізілуіне, социалистік жарыстың кең өріістелуіне, еңбектің дұрыс ұйымдастырылып, еңбек өнімділігінің арттырылуына мүмкіншілік туғызды.

Комбайн агрегаттарына бөлінген партия ұйымдастырушыларының бірсыпырасы жүктелген міндетті ойдағыдай орындап келеді. Партия ұйымдастырушысы коммунист А. Поляков жолдас Сталин атындағы колхозда (Петропавл ауданы) егін жыйнап жүрген комбайншы Социалистік Еңбек Ері Х. Шварц жолдас басқарған агрегатты да қамтыйды. Ол егін жыйнаудың алғашқы күнінен бері агрегаттардың басында болып, механизаторлардың социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалуына жетісу күресін ұйымдастыруда. Бұл өзінің жақсы нәтижелерін беріп те келеді. Шварц жолдас басқарған агрегат мүшелері күнделік тапсырмаларын үнемі артығымен орындап жүр.

Ново- Георгиев МТС- нің комбайншылары Вервер, Романович жолдастар «Пламя революции» колхозында (Полудень ауданы) «Сталинец—6» комбайнымен егін жыйнайды. Бұл екеуі өзара социалистік жарысқа түскен. Норма бойынша күніне 12 гектардан егін жыйнау орнына, олар 16-18 гектардан егін жыйнайды. Осы агрегаттарға бөлінген партия ұйымдастырушысы коммунист А. Федотов жолдас уақытты үнемдеп, техниканы тиімді пайдалануда агрегаттарға зор көмек көрсетуде. Ол еңбек ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмыстарын жолға қойған.

комбайншылар арасында социалистік жарысты ұйымдастырып ғана қоймай, соның мен қатар, жарыста қабылданған міндеттемелердің мүлтіксіз орындалуына жетісуге тиіс. Агрегаттың тоқтаусыз жұмыс істеуін, еңбек өнімділігінің еселеп артуын, астық ысырабына қарсы күрестің өріс алуын қамтамасыз етуге міндетті. Осы мақсатқа жету үшін партия ұйымдастырушылары агрегаттарда үгіт-бұқаралық жұмыстарын идеялық жоғары дәрежеде жүргізуге, көрсеткіш тақталарының, қабырға газеттерінің, жауынгерлік листоктардың кезінде шығарылуына, озаттардың іс тәжрибелерінің кеңінен насихатталуына жетісуге тиіс. Агрегаттарда тұрмыстық-мәдени жағдайлардың жасалуын, қоғамдық тамақтың кезінде дайындалуын, оның сапалы, дәмді болуын, тыныгу кезінде механизаторлардың мәдениетті дем алуына толық жағдай туғызылуын қамтамасыз етуі керек. Олар өз жұмысында агрегаттардағы коммунистер мен комсомолцтерге сүйене отырып, олардың өндірісте авангардтық роль атқаруына жетісе білулері керек.

Бұл сыяқты жауапты міндеттерді атқару жеңілге түспейді. Сондықтан партия ұйымдары, әсресе, аудандық партия комитеттерінің секретарьлары, аудандық, партия комитеттерінің МТС аймағындағы колхоздарға бөлінген нұсқаушылары агрегаттағы партия ұйымдастырушыларына үнемі көмектесіп отырулары керек. Іс агрегаттарға партия ұйымдастырушыларын жіберумен ғана бітпейді. Іске басшылық етудің қасиеттісі сол — қай жерде істе кемшілік байқалса, соны жойып, істі жақсартқанша, сол жұмыстағы адамдарға байыптылықпен көмек көрсете білуде.

Комбайн агрегаттарындағы партия ұйымдастырушылары агрегаттағы саяси-тәрбие, үгіт- бұқаралық жұмыстарына жауап беретін, егінді тез, ысырапсыз жыйнау күресін ұйымдастыратын партияның уәкілі. Бұл құрметті міндетті бұлжытпай орындау, партия ұйымдарына іспен көмектесу—комбайн агрегаттарындағы партия ұйымдастырушыларының төл ісі.

комбайндар мен тракторлардың моторларының жұмыс істеуін тексереміз. Ал, комбайншылар мен трактершылар және басқа да агрегат мүшелері машиналарды сүртіп, майлайды.

Комбайндардың өнімді жұмыс істеуіне тағы бір негізгі себеп —астықты комбайн бункерінен агрегат жүріп бара жатқанда қотару болып саналады. Біз жұмысты осылайша ұйымдастырдық. Әрбір комбайнға бір жүк машинасы бөлінді.

Колхоз басқармасы механизаторларға барлық жағынан қамқорлық жасауда. Біздер үшін дала қосында ыстық ас ұйымдастырылды. Бригадада мәдениет қосы бар.

Біздің кезіргі мақсатымыз егінді ысрапсыз, тез жыйнап алу.

Қ. АХМЕТОВ,
Сартомар МТС-і трактор бригадасының бригадирі.

бөлінген. Ал, бұл машина барлық агрегаттардың астығын кезінде алып отыруды үлгермейді. Сондықтан комбайн агрегаттары жұмыс уақытының көбін машинаны күтіп тұрумен өткізеді. Сондай-ақ совхоздың № 3 бөлімшесінде де комбайндардың көпшілігі жұмысқа пайдаланылмастан тоқтап тұр. Алайда, бұл совхоздың басшылары комбайн агрегаттарын жұмысқа қосу, оның қуатын өнімді пай-

дау пунктіне қолма-қол жеткізіп отыруға барлық күш-мүмкіншіліктер жұмылдырылуы тиіс. Егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру сияқты аса маңызды саяси- шаруашылық жұмыстарды ойдағыдай өткізу, міне, осыларға байланысты екенін ұмытуға болмайды.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

Күздік себуді аяқтады

Торангүл МТС-нің қамтуындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы күздік қара бидай себу жұмысын жақсы ұйымдастырды. Мұнда күздік себуге бір «ДТ—54» тракторы бөлінді. Тракторшы Харушин жолдас трактордың өнімді пайдалана білуі, күніне 70 гектар жерге тұқым септі. Сөйтіп, колхоздың жоспарлы 200 гектар күздік қарабидай себу жұмысын үш күн ішінде орындап шықты. Кәзір колхоздың барлық күші егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарын деркезінде аяқтау ісіне жұмылдырылған.

А. ЖОЛДЫҒАРИН.

дерінен бастап- ақ өз міндеттемелерін асыра орындау үшін күресіп, үлгілі көрсеткіштерге ие болуда.

Калинин атындағы колхозда егін жыйнауда жүрген комбайншы Несинов жолдас алғашқы жарты жұмыс күні ішінде «Сталинец—6» комбайнымен 11,5 гектар жердің астығын жыйнады. Келесі күні 28 гектар жердің егінін жыйнап, 210 центнер астық бастырды. Оның біржарым жұмыс күнінің өзінде бастырған астық мөлшері 324 центнерге жетті. Сөйтіп, Несинов жолдас 22 жұмыс күні ішінде 800 гектар жердің егінін жыйнауға және 8 мың центнер астық бастыруға шақырған Ленин ауданы, Образцовой МТС-нің атақты комбайншылары Галкин мен Харушиннің бастамаларын іспен қостап отыр. Кәзір ол үлгілі комбайншылардың көрсеткіштеріне жету үшін еңбектенуде.

Ә. МҰЗДЫБАЕВ.

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы «Қазақ ССР-нің колхоздары мен совхоздарында Т. С. Мальцевтың егіншілік системасын енгізу туралы» қарар қабылдады. Республиканың ауыл шаруашылығы және совхоздар министрліктеріне, Қазақ ССР Ғылым академиясының және В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясы қазақ филиалына «Заветы Ленина» колхозындағы Бүкілодақтық кеңеске қатысқан ғылми қызметкермен бірлесіп, кеңестің материалдарын, сол сыяқты Т. С. Мальцевтың әдісін қолданатын республика колхоздары мен совхоздарының тәжрибесін жыйнақтауға және Қазақстанның жағдайында Мальцевтың егіншілік системасын енгізу жөнінде шаралар белгілеу тапсырылды.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы жердің қыртысын аудармастан қайырмасыз жыртуға, егінді жыртылмай дискаланған тың жерге және сыдыра жыртылған аңызға егуге, сол сыяқты Қазақстанның колхоздары мен совхоздарында әртүрлі мерзімде пісетін өнім алуға өсімдік және егінді анағұрлым аз ысрашпен жыйнауға мүмкіндік беретін бидайдың бірнеше сорттарын егуді өркендетуге ерекше көңіл бөлуге міндеттеді.

Сентябрьдің бірінші жартысында республикалық кеңес шақыру белгіленді, онда В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясы қазақ филиалының егіншілік институтының Қазақстанның колхоздары мен совхоздарында Т. С. Мальцевтың егіншілік системасын енгізу туралы баяндамасы, сол сыяқты өзінің әдісін өндіріске енгізуге көмек көрсету үшін Қазақстанға келуге келісім берген Т. С. Мальцевтың осы мәселе жөніндегі ескертпелері талқыланады.

Бұл кеңесте Мальцев системасының элементтері қолданылып жүрген және бұл системаны енгізу жөнінде үлкен өндірістік тәжрибелерді жүзеге асыру белгіленіп отырған колхоздардың, совхоздар мен МТС-тердің өкілдері де шақырылады.

Советтік Қазақстанда

Жазушылардың съезі алдында

АҚМОЛА, (ҚазТАГ). Ақмоланың әдебиет бірлестігі жазушылардың Бүкілодақтық екінші съезіне әзірлік жұмыстарын өріістетті. Жергілікті авторлар жаңа шығармалар жазуда. Прозашы Андрей Дубовицкий өлкенің қайта өзгеруі туралы жазылған бірнеше әңгімелерін аяқтады. Оның әңгімелерінің бас кейіпкерлері — комсомолдан жолдама алып, соны жерлер игеруге келген жастар. Жас прозашы Марк Темкин балаларға арнап ғажап оқыйғалы повесть жазып жатыр. Жазушы Дубовицкий, ақындар Широков пен Гниненко жаңа повестер мен өлеңдер жазумен шұғылдануда.

Облыстық газеттердің редакциялары жергілікті прозашылар мен ақындардың таңдаулы шығармаларын басып, бірнеше әдебиет беттерін беруді ұйғарды. Әдебиет бірлестігі облыстық мәдениет басқармасымен және кітапханалармен бірлесе отырып, кітап мейрамын өткізеді.

Шахтер күні құрметіне

ҚАРАҒАНДЫ, (ҚазТАГ). Бассейннің шахталарында шахтер күнін лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы жарыс өріістеуде. № 31 шахта кеше көмір шығарудың сегіз айлық тапсырмасын Қарағанды да бірінші болып орындады. Озат кеншілер коллективі бұл табысқа барлық учаскі токтерде цикл алу графигін енгізудің және жетілдірілген «Донбасс» комбайндарын қолданудың нәтижесінде жетті.

Шахта жоспардан тыс отын шығару жөніндегі жылдық міндеттемесін орындады. Тапсырмаға қосымша 50 эшелон көмір жөнелтілді. Жыл басынан бері 600 мың сом үнемделді.

Қарағандының әрбір екінші шахтасы кәзір август айының екінші жартысының есебіне көмір жөнелтуде.

Қарағанды шахтерлерінің мыңдаған балалары жазды қала сыртындағы дачаларда өткізеді.

СУРЕТТЕ: № 20 шахтаның балалар бақшасының тәрбиеленушілері Ленинуголь тресінің дачасындағы ойын үйінің жанында.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Республиканың тамақ өнеркәсібінің өркендеуі

Қазақстанның азық- түлік товарлары өнеркәсіп орындарында өнім шығару артуда. Қазақ ССР азық- түлік товарлары өнеркәсіп министрлігінің орынбасары Томаровский жолдас ҚазТАГ-тың тілшісімен әңгімелескенде мынаны айтты:

Быйыл республикада жаңа тамақ кәсіпорындарын салуға қаржы өткен жылдағыдан бір жарым есе артық жұмсалады.

Консерві кәсіпорындарының коллективтері быйылғы жылғы жемістерден, жидектер мен овощтан кәзірдің өзінде екі миллиондай банк консерві шығарды. Олар өндіріс маусымы аяқталғанға дейін халыққа кемінде тағыда 19 миллион банк консерві береді. Овощтан тамақтық консервілер шығару артты. 5,5 мың тонна мөлшерінде помидор өңделетін болады. 35 түрлі консервіленген өнім шығарылады.

Өсімдік майы өткен жылғы осы уақыттағыдан 76 процент артық шығарылды.

Кондитер өндірісін өркендетуге зор көңіл бөлініп отыр.

Қамыстан салынған қой қоралары

СЕМЕЙ, (ҚазТАГ). Облыстың озат ауылшаруашылық артельдері егін жыйнаумен және шөп шабумен қатар мал қораларын салуда. Жаңасемей ауданының Ленин атындағы колхозында 300 қойға арналған 2 қамыс қора салынды. Үржар, Маканшы, Көкпекті, Ақсуат және басқа аудандардың ауылшаруашылық артельдері қамыс шомдардан қоралар салуда.

Облыстың колхоздары быйылғы жылы қамыстан 200 қой қора салады. Артельдердің қоралар салуына жергілікті өнеркәсіп пен көпшілік кооперациясының кәсіпорындары, сондай-ақ Семей мен Белағаш орман шаруашылықтары зор көмек көрсетуде. Орман шаруашылықтарындағы көпшілік тұтынатын заттар дехтары қой қораларға арналған терезе мен есік бөлшектерін шығара бастады. Жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшілік кооперациясының кәсіпорындары қамыс шомдар жасауда.

Жетісуда күздік егу

ТАЛДЫҚОРҒАН, (ҚазТАГ). Сарқанд МТС-інің механизаторлары бүгін Ворошилов атындағы колхоздың егіс даласында күздік еге бастады. Тұқым жақсы баптаған парға тоғыспалы әдіспен себілуде. Артельде күздік бидайдан алынған өнім жыл сайын жаздық бидай өнімінен екі есе артық болып келеді. Быйылғы жылы күздік бидайдан гектарына 30 центнерден өнім алынды. Колхозшылар күздік егістің көлемін өткен жылдағымен салыстырғанда бір жарым есе ұлғайтуды ұйғарды.

Күздік бидайдан облыстың басқа аудандарында да мол өнім алынуда. Панфилов, Талдықорған, Қапал аудандарының, 28 гвардияшылар ауданының колхоздары күздік бидайдың әр гектарынан жаздық бидайға қарағанда 5—10 центнер артық өнім алып келеді. Жетісу колхоздарындағы күздік егістің көлемі ұлғайтылды.

Қазақ ССР халық шаруашылығын өркендету жоспарының 1954 жылдың бірінші жартысында орындалуының қорытындылары туралы

Қазақ ССР Статистика басқармасының хабары

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өркендеуі, күрделі құрылыстың өсуі, товар айналымының және темір жол, автомобиль және өзен транспорты мен жүк тасымалдаудың жоспарының орындалуы, мәдениет құрылысы және денсаулық сақтау 1954 жылдың бірінші жартысында мынадай мәліметтермен сыйпатталады:

1. ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІ ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

1.

Қазақ ССР территориясындағы өнеркәсіптің жалпы өнім шығару жоспары бірінші жартыжылдықта 97 процент орындалды.

Өнеркәсіптің жалпы өнім шығаруы 1954 жылдың бірінші жартыжылдығында 1953 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 11 процент артты.

2.

Қазақ ССР-інің жеке одақтық- республикалық және республикалық министрліктері мен ведомстволарының жалпы өнім шығарудың жартыжылдық жоспарын орындауы мынадай мәліметтермен сыйпатталады:

	1954 жылдың бірінші жартысында жоспардың орындалу проценті
Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі	92
Қазақ ССР Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігі	100,6
Қазақ ССР Балық өнеркәсіп министрлігі	98
Қазақ ССР Ет және сүт өнімдері өнеркәсіп министрлігі	83
Қазақ ССР Азық- түлік товарлар өнеркәсіп министрлігі	103
Қазақ ССР Жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігі	104
Қазақстан кәсіпшілік Советі	103

Қазақ ССР Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігі, Қазақ ССР Азық- түлік товарлар өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігі және Қазақстан кәсіпшілік Советі жалпы өнім шығарудың жоспарын асыра орындап, бірқатар маңызды буйымдардың заттай түріндегі жоспарының орындалуын қамтамасыз етпеді.

Республиканың көптеген кәсіпорындары 1954 жылдың бірінші жартыжылдығында айлық мемлекеттік жоспарларды орындамады, осының салдарынан олар халық тұтынатын өнімдерді халыққа едәуір мөлшерде кем берді.

Семейдің ет- консерві комбинаты. Петропавл, Орал және Алматы ет комбинаттары, Каспзверорыбтрест, Алматының мебель фабрикасы, Осакаровка мемель комбинаты, Алматының № 1 кірпіш заводы, Семей, Петропавл, Шымкент кірпіш заводтары, Алматының кондитер фабрикасы. Бостандық консерві заводы, барлық облыстардың «Маслопром» трестері, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай аяқкиім фабрикалары, Семейдің былғары комбинаты, мех фабрикасы. «Комсомолка» және «Большевичка» тігін фабрикалары және басқалары 1954 жылдың бірінші жартысында жоспардың орындалуы мынадай:

	1954 жылдың бірінші жартысында жоспардың орындалу проценті
Ауланған балық	99,5
Кондитер тағамдары	99,7
Нан- булка тағамдары	100,3
Макарон тағамдары	88
Әртүрлі консервілер	67
Папиростар	101
Темекі	166
Махорка	107
Сыра	99,3
Арақ және арақ тағамдары	115
Спирт шикізаттары	113
Ұн	100,8
Жарма	94
Кір сабын	112
Тұз өндіру	104
Шай өлшеу	110
Әртүрлі шарап	108
Алкагольсіз сусындар (азық- түлік товарлары өнеркәсіп министрлігі)	83

Жаңа жерлерді игеру және күрделі құрылыстар көлемін ұлғайту жағдайында аса зор маңызы бар кірпіш, әк, пештік шаруашылық шойын құймалар, күйме және арба, мебель және басқаларын өндіру жөніндегі жоспардың едәуір орындалмауы ерекше назар аударарлықтай.

II. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету жөніндегі Партия мен Үкмет жүргізген шаралар республикамыздың колхоздарының, МТС-терінің және совхоздарының көктем егісін өткен жылдағыдан мейлінше ұйымдасқан түрде өткізуіне, тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен егін көлемін едәуір ұлғайтуларына, ауылшаруашылық жұмыстарының сапасын арттыруларына мүмкіндік берді.

Быйылғы жылы республиканың колхоздары мен совхоздары жаздық дақылдар егісінің мемлекеттік жоспарын асыра орындады, соның ішінде бидай егу жоспарын да асыра орындады, сөйтіп 1953 жылмен салыстырғанда егінді 1.516 мың гектар артық екті, соның ішінде бидай егісін 797 мың гектар ұлғайтты.

Республикада колхоздар жүгері, күнбағыс, сүрленетін дақылдар егісінің жоспарын асыра орындады; совхоздар —овощь, сүрленетін дақылдар, біржылдық шөптер, соның ішінде суданка және көпжылдық шөптер егу жоспарын асыра орындады.

Республиканың солтүстік -шығыс және батыс облыстарында тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде аса зор жұмыстар жүргізілді. 1954 жылғы 10 августқа дейін республиканың колхоздары мен совхоздары 6.522 мың гектар жаңа жер жырытты.

Республиканың колхоздары мен совхоздары тың және тыңайған жерлерге дәнді дақылдар егудің мемлекеттік жоспарын едәуір асыра орындады.

Быйыл көптеген колхоздар мен совхоздарда жүгері, картоп, күнбағыс және овощь шаршы және шаршыұялы әдістермен егілді, бірақ та ауылшаруашылық дақылдарын егудің және отырғызудың осы прогресс-

Жалпы пайдаланудағы автомобиль транспорты бойынша жүк тасымалының жартыжылдық жоспарын Қазақ ССР Автомобиль транспорты және тас жолдар министрлігі тонна есебімен алғанда 107 процент орындады, ал тонна- километр есебімен алғанда 96 процент орындады.

Өзен транспорты жоғары басқармасының өзен флоты, Қазақ ССР Автомобиль транспорты және тас жолдар министрлігі жүк тасудың жартыжылдық жоспарын тонна есебімен алғанда 113 процент, тонна-километр есебімен алғанда 100,5 процент орындады.

IV. КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ӨСУІ

Мемлекеттік күрделі құрылыстың көлемі 1954 жылдың бірінші жартысында 1953 жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 108 процент болды.

Пәтер үй құрылыстарына күрделі қаржы жұмсаудың көлемі 1954 жылдың бірінші жартысында 1953 жылдың бірінші жартысымен салыстырғанда 15 процент артты.

Мектептер құрылыстарына күрделі қаржы жұмсау 1954 жылдың бірінші жартысында 1953 жылдың бірінші жарты жылымен салыстырғанда 24 процент артты.

Алайда күрделі құрылысқа қаржы жұмсау жоспарының орындалуы 1954 жылдың бірінші жартысында Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары бойынша қанағаттанғысыз болды. Қазақ ССР Көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсіп министрлігінің «Казлегпромстроймонтаж» тресі, Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің «Совхозводстрой» тресі және «Совхозстрой» тресі, Қазақ ССР Су шаруашылығы министрлігінің «Казводстрой» тресі, Қазақ ССР Азаматтық тұрғын үй құрылыс министрлігі (мердігерлік қызметі), Қазақ ССР Азық- түлік товарлар өнеркәсіп министрлігінің «Казпромпродстрой» тресі, Қазақ ССР Жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігінің «Казместпромстрой» тресі, Қазақ ССР Коммуналдық шаруашылық министрлігінің «Облремстрой» конторы, ремконторы және гордорстройы құрылыс-монтаж жұмыстарының жартыжылдық жоспарын едәуір орындамады,

Құрылыстарда қолда бар машиналар мен механизмдер қанағаттанғысыз пайдаланылады, жұмысшылардың тұрақтанбауы әлі де болса күшті, мұның өзі еңбек өнімділігін және жұмыстың сапасын арттыруға зиянды әсерін тигізіп келеді.

V. ТОВАР АЙНАЛЫМЫ

1954 жылдың бірінші жартыжылдығы республикада товар айналымының онан әрі өрістелуімен сыйпатталады.

Партия мен үкметтің көпшілік тұтынатын товарлар өндіруді шұғыл өркендету және совет саудасын жақсарту туралы қарарын жүзеге асырудың нәтижесінде республикада сауда орындарының саны едәуір ұлғайтылды, сауда ұйымдары халыққа сату үшін жоғары сапалы азық- түлік және өнеркәсіп товарларын едәуір көп алды.

Партия мен үкмет жүргізген 1954 жылғы 1 ап-

Тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру—бүкілхалықтық міндет

Бүгін «Правда» СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің «Астық өндірісін арттыру үшін тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру туралы» қаулысын жариялады.

Бүкіл совет адамдары партия мен үкметтің бұл документін зор қанағаттанғандықпен оқыйды. Онда тың және тыңайған жерлердегі біздің алғашқы елеулі жетістіктеріміз қорытылған, жаңа жерлерді онан әрі игеру және осының негізінде астық және басқа өнімдер өндіруді арттыру жөніндегі өмірлік маңызы бар міндеттер белгіленген.

СОКП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумы елімізде астық өндіруді ұлғайту, тың және тыңайған жерлерді игеру программасын қабылдаған күннен бері бес айдан аз-ақ артық уақыт болды. Онда Пленум қысқа уақыттың ішінде астық өндіруді арттырудың маңызды және өте нақтылы қайнар көзі Қазақстан, Сибирь, Урал, Поволжье аудандарында және ішінара Солтүстік Кавказ аудандарында тың және тыңайған жерлерді игеру жолымен дәнді дақылдар егісін ұлғайту болып табылады деп көрсетті.

Партия, совет және ауылшаруашылық органдары алдына, деревняның барлық еңбекшілері алдына жауапты міндет — 1954—1955 жылдардың егісі үшін 1954 жылы кемінде 13 миллион гектар тың және тыңайған жер көтеру міндеті қойылған болатын. Партия мен үкметтің бұл жауынгерлік тапсырмасы аброймен орындалды. СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі, делінген бүгін жарияланған қаулыда, бұрын пайдаланылмай жатқан көптеген миллион гектар тың және тыңайған жерлерді өндеуге қамту есебінен елімізде астық өндірісін арттыру туралы партия мен үкметтің шақыруын қызу қарсы алып, бүкіл халық мақұлдағандығын қанағаттанғандықпен атап өтеді. Партия, совет және ауылшаруашылық органдары, колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС-тер мен совхоздардың қызметкерлері, өнеркәсіп пен транспорттың жұмысшылары тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде қысқа мерзім ішінде зор жұмыс жүргізді.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің қаулысында әрбір совет патриотының біздің ұлы Отанымыз үшін мақтаныш сезімін тудыратын цифрлар мен фактілер келтірілген. Тың және тыңайған жерлерде қазіргі заманның ауылшаруашылық машиналармен жабдықталған 124 ірі жаңа астық совхоздары ұйымдастырылды. Өнеркәсіптің, МТС-тер мен совхозлардың 150 мыңнан аса маман жұмысшылары, инженерлері, техниктері, агрономдары және ауыл шаруашылығының басқа да мамандары ерікті түрде барып бұрын қол тимеген жер байлығын игеру жөніндегі жұмысқа белсене кіріскі.

Үстіміздегі жылдың көктемінде тың жерлерде жоспар бойынша 2,3 миллион гектар егудің орнына 3,6 миллион гектар дәнді дақыл егілді. Бұл Батыс Си-

1954 жылы 13 миллион гектар жаңа жерлер игеру тапсырмасымен бұл жөніндегі қолда бар зор мүмкіндіктер әлі де қамтылмайды. Совет мемлекетінде тағы да зор көлемде тың және тыңайған жерлерді тез игеру үшін не қажеттің барлығы бар. Біздің өнеркәсібіміз қазіргі заманның техникасы жөнінде МТС-тердің, совхоздар мен колхоздардың қажетін қанағаттандыра алады. Деревняның еңбекшілеріне біздің бүкіл халқымыз көмек көрсетеді. Демек, МТС-тердің, совхоздар мен колхоздардың жаңа жерлерді онан әрі игеру жолындағы күресті кеңінен өрістетуі үшін барлық мүмкіншіліктері бар.

1954 жылы жаңа жерлерді игерудің тәжрибесін, тың және тыңайған жерлерді қосымша өндеуге қамту есебінен ауылшаруашылық өнімдері өндірісін арттыруға нақты мүмкіндіктер бар екенін еске ала отырып, СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі колхозшыларды, МТС-тер мен совхоздардың қызметкерлерін, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарын 1954 жылы тың және тыңайған жерлерді көтеру жөнінде белгіленген тапсырманы едәуір асыра орындауға, сөйтіп, 1955 жылы жоспар бойынша белгіленген 13 миллион гектардың орнына бұл жерлерде жырытылған пар мен зябке кемінде 15 миллион гектар көлемінде дәнді және басқа дақылдар егуді қамтамасыз етуге шақырады.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі дәнді және басқа дақылдардың егіс көлемін онан әрі ұлғайту, тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен астық өндіруді арттыру, жаңадан игерілетін жерлердегі дәнді және басқа да ауылшаруашылық дақылдарының егісін 1956 жылдың өзінде 28—30 миллион гектарға жеткізу —аса маңызды міндет деп санайды.

Партия мен үкмет алға қойған, тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру жөніндегі айбынды және кезек күттірмейтін міндет осындай. Біздің бүкіл совет халқының бұл міндетті бірауыздан қарсы алып, қызу қолдайтындығына күмәнданбауға болады.

Істің табысты болуын адамдар, кадрлар шешеді. Әрбір жаңа совхозда, әрбір МТС-те түрлі мамандықтағы кадрлардың өсіп, жетілуі үшін қажырлылықпен жұмыс істеу қажет. СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі қажет болғанда ондаған мың маман жұмысшылар, агрономдар, инженерлер және техниктер, эссесе, біздің совет жастары, быйылғы жылғы көктемдегі сыяқты, тың және тыңайған жерлерді игеруге өз-дігінен бару жөніндегі шақыруға қызу үн қосады деп бәрік сенім білдіреді. Жергілікті партия және совет органдары жаңа жерлер игерілетін аудандарға келген жұмысшылар мен мамандардың тұрмыс қажетін өтеу жөнінде тынбастан қамқорлық жасауға міндетті. Тұрғын үй құры-

жылдығының жоспарын орындамады.

Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнімдері өнеркәсіп министрлігі және Қазақ ССР Жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігі өнеркәсіп өнімдерінің өзіндік құнын кеміту тапсырмасын орындамады.

3.

1954 жылдың бірінші жартысында өнеркәсіп өнімдерінің аса маңызды түрлерін өндіру мынадай мәліметтермен сыйпатталады:

	1954 жылдың бірінші жартысында жоспардың орындалу проценті
Көмір	101
Мұнай	100
Бензин	86
Болат	104
Болат прокат	105
Түсті прокат	100,4
Полиметалл рудасы	99,4
Никель рудасы	102
Барит рудасы	150
Вольфрам концентраты	107
Мырыш концентраты	116
Мырыш	100,4
Феррохром	99,5
Күкірт қышқылы	102
Фосфорит ұны	100,3
Борат	103
Суперфосфат	109
Кірпіш	78
Әк	87
Металлургиялық жабдықтар	98
Транспорттық жабдықтар	93
Трактор тырмалары	100,4
Күймелер мен арбалар	91
Піш шаруашылықтық шөпін құймалар	78
Металл кроватьтар	108
Мебель	84
Алюминий ыдыстары	104
Мырышталған ыдыстар	113
Мақта торқасы	107
Жуылған жүн	97
Жүн жіп	97
Мақта жіп	105
Жүн маталар	100
Мақта маталар	97
Сырткиімдік трикотаж	91
Ішкиімдік трикотаж	101
Шұлық- үйық бұйымдары	102
Катты былғары товарлары	93
Жұмсақ былғары товарлары	98
Былғары аяқкиім	96
Киіз байпақ	78
Ет	76
Шұжық тағамдары	98
Мал майы	83
Өсімдік майы	109

тік әдісі республикада кең көлемде таралған жоқ.

Республиканың тың және тыңайған жерлер игеретін аудандарында 93 жаңа астық совхозы ұйымдастырылды.

Республиканың ауыл шаруашылығында, әсресе тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарда машина- трактор паркі көптеген тракторлармен, жүк автомашиналарымен толықтырылды, басқа да автомашиналар, жабдықтар және материалдар жеткізілді.

1954 жылғы 10 августқа дейін республиканың МТС- тері мен ММШС- тері колхоздарда ауылшаруашылық жұмыстарын (жұмсақ жер жырту есебімен алғанда) өткен жылдың осы мерзімдегісінен 9.030 мың гектар артық атқарды. Трактор жұмыстарының сапасы жақсара түсті.

1954 жылғы 10 августқа дейін колхоздарда таза пар өткен жылғы осы мерзімдегіден 2.971 мың гектар артық жыртылды.

Мұнымен қатар көктем егісі жұмыстарын жақсы өткізу үшін республикада барлық мүмкіндіктер толық пайдаланылмады және жеке дақылдар бойынша мемлекеттік жоспардың орындалуы қамтамасыз етілмеді.

Картоп отырғызу жоспарын колхоздар 80 процент, Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің совхоздары 70 процент орындады. Колхоздар овощь дақылдарын егу жоспарын 23 процент және жемшөптік тамыржемістер егу жоспарын —25 процент кем орындады.

Республиканың көптеген МТС-тері, колхоздары мен совхоздары шөп жыйнау жұмысына нашар әзірленді, шөп жыйнайтын машиналарды және басқа құралдарды жөндеуді мезгілімен қамтамасыз етпеді. Осының салдарынан пішен жыйнау және жемшөп дайындау жұмыстары төзбестіктей ұзаққа созылды. 1954 жылғы 10 августқа дейін жемшөп дайындау жоспары республикада колхоздар бойынша 40 процент, Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің совхоздары бойынша —36 процент орындалды. Шөп сүрлеу жоспары колхоздарда 43 процент. Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің совхоздары бойынша —28 процент орындалды.

III. ТРАНСПОРТ

Түркстан —Сибирь темір жолы бойынша вагондарға жүк тиеудің орта тәуліктік жартыжылдық жоспары 1954 жылы 40 процент орындалды, соның ішінде халық тұтынатын жүктер бойынша 120 процент орындалды.

Қарағанды темір жолында вагондарға жүк тиеудің орта тәуліктік жоспары 97 процент, соның ішінде халық тұтынатын жүктер бойынша 94 процент орындалды.

Жүк тасыйтын вагондардың айналымын тездету жөніндегі тапсырма Түркстан —Сибирь темір жолы бойынша бірінші жартыжылдықта асыра орындалды, ал Қарағанды темір жолы бойынша орындалмады.

рельсбен өнетін азық- түлік және өнеркәсіп товарларына мемлекеттік бөлшек сауда бағасын жаңадан жетінші рет кеміту еңбекшілердің материалдық жағдайын және сатып алу қабілетін бұрынғыдан да арттыра түсті.

Көптеген сауда ұйымдары товар айналымының бөлшек сауда жоспарын ойдағыдай орындады.

1954 жылдың бірінші жартыжылында товар айналымының бөлшек сауда жоспары 102 процент, соның ішінде сауда орындары бойынша товар айналымының бөлшек сауда жоспары —102 процент, қоғамдық тамақтандыру орындарының айналымы — 104 процент орындалды.

Бүкіл бөлшек сауда бойынша товар айналымының бірінші жартыжылдықта республиканың негізгі сауда жүйелері бойынша орындалуы мынадай болды

(процент есебімен):

Қазақ ССР-і жергілікті сауда орындары	100,5
Қазақстан тұтынушылар одағы	110

Мұнымен қатар мемлекеттік және кооперативтік сауда ұйымдары жұмысында әлі де болса елеулі кемшіліктер бар. Сауда кәсіпорындарын қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету әлі де болса баяу. Тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарда сауда әлі де болса нашар өркендеуде. Әсресе көптеген адамдар мен транспорт шоғырланатын астық тапсыратын пункттерде азық- түлік товарларымен сауда жасау нашар ұйымдастырылған. Тұтыну кооперациялары колхоздар мен колхозшылардан сатып алатын ауылшаруашылық азық- түліктерімен комиссиялық сауданы қанағаттанғысыз ұйымдастырған.

VI. МӘДЕНИЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Қазақ ССР-інде жалпыға бірдей жетіжылдық және онжылдық мектептерді бітіргендердің саны жұмысшы және селолық жастар мектебін қоса алғанда, 1954 жылы 1953 жылмен салыстырғанда 30 процент, соның ішінде орта мектептерді бітіріп кәмелеттік аттестат алғандардың саны —84 процент артты.

Республикамыздың жоғары оқу орындары мен техникумдары сырттан оқыйтындарды қоса есептегенде 1954 жылы 18 мың жас маман даярлайды, яғни 1953 жылғыдан 20 процент артық.

Республикамызда 1954 жылдың бірінші жартысында халыққа медициналық көмек көрсету онан әрі жақсарып, дамый берді. Ауруханалардың, әйелдер босанатын үйлердің, балалар мекемелерінің саны әсресе тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарда көбейе түсті. Медициналық мекемелердің емдеу және диагностикалық аппаратуралармен жабдықталуы арта түсті.

Қазақ ССР Статистика басқармасы

ғы жылдың өзінде тың жерлерге егілген егіс есебінен жыйналатын астық мөлшерін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. 1954 жылғы 10 августқа дейін МТС-тер, колхоздар мен совхоздар 13,4 миллион гектар тың және тыңайған жер көтерді, бұл белгіленген жоспардың 103,2 проценті. Бұдан басқа тың жер жырту жоспары берілмеген бірқатар облыстардың МТС-тері, колхоздары мен совхоздары 719 мың гектар жаңа жер жыртты. Сонымен 10 августқа дейін ССРО бойынша барлығы мол өнім беретін 14 миллион гектардан аса тың және тыңайған жер жыртылды.

Коммунизм құру идеяларымен жігерленген колхозшылар, МТС-тердің және совхоздардың қызметкерлері Коммунистік партияның басшылығымен, бүкіл халқымыздың белсенді және тікелей көмегімен зор еңбек ерлігін аяқтады. Тың және тыңайған жерлерді жырту жоспарын асыра орындап, олар ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету ісіне зор үлес қосты.

Бірақ, істелген іс алғашқы қадам ғана болып табылады. СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі Сибирьдің, Қазақстанның және Уралдың аудандарында тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде үстіміздегі жылы қол жеткен табыстарды пайдаланылмай жатқан құнарлы жерлерді игеру есебінен еліміздегі астық өндірісін арттырудың бүкілхалықтық ұлы ісінің бастамасы деп біледі.

...ласы қарқынын жеделдетіп, жоғары еңбек өнімділігіне жетісу үшін барлық жұмысшыларға жаңдай тұғызу керек.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде тың жерлердегі жұмыстың тамаша үлгілері көрсетілген. Алдыңғы қатарлылардың тәжрибелерін мұқият зерттеп, оны колхоздардың және, әсресе, жаңа жерлерді онан әрі игеруде басты роль атқарғалы отырған совхоздардың өндірісіне батыл енгізу керек.

Жаңа жерлерді игеру —бүкілхалықтық міндет. Партия, комсомол ұйымдарының міндеті —барлық колхозшылардың, МТС және совхоз қызметкерлерінің, өнеркәсіп орындары мен транспорт жұмысшыларының тың және тыңайған жерлерді онан әрі тез игеру жолындағы, ауыл шаруашылығын тракторлармен, ауылшаруашылық машиналарымен, запас бөлшектермен, жанар маймен, жабдықтармен үзіксіз жабдықтау жолындағы, машиналар мен материалдарды жаңа жерлер игерілетін аудандарға кезінде жеткізу жолындағы социалистік жарысын кеңінен өрістету.

Социалистік жарыс барған сайын кең өрістей берсін! Тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде партия мен үкімет жасаған программаны ойдағыдай жүзеге асырайық!

(«Правданың» 17 августағы басмақаласы).

Эстонияда жергілікті өнеркәсіп өркендеуде

ТАЛЛИН, 17 август. (СОТА). Таллиннің Теңіз ауданындағы Эстонияның ең ірі өнеркәсіп комбинатын қайтадан жабдықтау аяқталды. Жалпы жамау цехында конвейер және 20-ға тарта жаңа тігін машиналары қойылды. Киімді тігіп шығару 25 процент арттырылды.

Республикадағы жергілікті өнеркәсіп орындары молая түсуде. Таллин мен Пярнуде жаңадан мебель фабрикасы, Тартуда шыны заводы, Отепяда кірпіш заводы салынуда. Бұл құрылыстар мен басқа объектілерді жабдықтауға быйылғы жылы 20 миллион сом қаражат бөлінді.

Өнеркәсіп комбинаттарын қайтадан жабдықтау үшін көптеген жұмыстар жүргізілуде. Бұл мақсатқа бесжылдықтың басынан бері 12 миллион сом қаражат жұмсалды.

Быйылғы жылы Эстонияның жергілікті өнеркәсібі көпшілік тұтынатын әртүрлі товарларды өткен жылға қарағанда 30-35 процент артық дайындайды.

Еңбекшілерге сатуға арналған үйлер

КИНЕШМА, (Иваново облысы) 18 август. (СОТА). Кинешманың «Заветы Ильича» ағаш комбинаты еңбекшілерге сатуға арналған үш бөлмелі стандартты үйлер жасап шығаруда. Үйлерді дайындап шығару әрбір ай сайын молая түсуде. Жыл басынан бері 1200-ге тарта үйлер дайындалды, ал, жыл аяғына дейін бұдан біржарым есе артық дайындалмақ. Бұл үйлер еңалдымен тың жерді игерушілер ауданына, сол сияқты, Өзбекстанның мақта өсіру аудандарына жіберіледі.

Кәсіпорнында өндіріс алаңдары ұлғаюда. Жаңадан ағаш ұстасы және ыдыс жасау цехтары пайдаланылуға берілді, ағаш кесетін цех құрылысы жасалуда. Сол сияқты, майлау цехының да құрылысы жүріп жатыр. Еңбек процестері механикаландырылуда.

100 мыңдық электромотор

МОГИЛЕВ, 18 август. (СОТА). Могилевка металл өңдеу комбинаты жүз мыңдық электромотор жасап шығарды. Барлық двигательдердің төрттен бір бөлегін еліміздің колхоздары, совхоздары және машина- трактор станциялары алды.

Моторды дайындау ісін комбинат коллективі бұдан төрт жыл бұрын бастаған болатын. Оларды дайындап шығару үздіксіз өсе түсуде.

Көзір комбинат өткен жылғымен салыстырғанда күн сайын электромоторларды 20 процент артық шығарады.

Орта мектепті бітірушілер мамандықтар меңгеруде

КИЕВ, 18 август. (СОТА). Кеше Украинаның Киевтегі «Точэлектроприбор» заводы жанындағы Бүкілодақтық сырттан оқытатын энергетехникалық институттың филиалында емтихан тапсыру аяқталды. Емтиханды онжылдықты бітіргеннен кейін кәсіпорынға келген 20 шақты жас жұмысшылар тапсырды. Быйылғы жылы онжылдық мектептерді бітірген 600 ден аса жігіттер мен қыздар «Ленинская кузница», «Укркабель», «Большевик» заводтарында, «Украина» тігін фабрикасында және басқа кәсіпорындарында жұмыс істейді. Олар токарьлық, слесарьлық, өңдегіштік, электрмен болат балқытушылық, құрастырушылар мамандықтарын меңгеруде. Бұлар үшін кәсіпорындарында жоғары және орта арнаулы оқу орындарында курстер ашылды.

Орта мектепті бітірген 50 оқушы «Укркабель» заводында жұмыс істейді. Быйылғы жылы мұнда Бүкілодақтық сырттан оқытатын электромеханикалық техникумының филиалы ашылады.

Еңбеккүнге аванс үшін астық мол берілуде

БАКУ, 18 август. (СОТА). Мұнай даласы —Әзербайжанның ең шұрайлы жері. Мұнда астық жыйналып алынған, тазаланған дән мемлекет пен колхоздардың астық қоймасына құйылды.

Астық тапсыру жоспарын орындаған Пушкин, Астрахань- Базарск, Хиллинск және басқа аудандардың колхоздары мемлекетке артық астықты көп сатты. Мысалы, Пушкин ауданының ауылшаруашылық артельдері 400 тонна астық сатқан. Сөйтіп, олар тұтынушылар кооперациясы арқылы көптеген құрылыс материалдарын, жүк тасыйтын автомашиналар алды.

Егіншілердің еңбеккүндеріне аванс ретінде бидай мол берілін жатыр. Пушкин ауданының Тельман атындағы, Маленков атындағы және Хрущев атындағы колхоздарында әрбір еңбеккүнге 6 килограмға жуық астық берілген. Көптеген семьялар 150- 200 путтан астық алған.

Село рационализаторларының жаңалықтары

Колхоздардың өндірістік -техникалық базасын нығайту — социалистік ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерін өркендете берудегі ең басты шаралардың бірі болып табылады. Сондықтан да колхоздар, МТС-тер мен совхоздар жыл сайын бірінші класты техникамен үздіксіз жабдықталып келеді. Ауыл шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін негізгі жұмыстар— жер жырту, ауылшаруашылық дақылдарын егу, отамалы дақылдар мен техникалық дақылдардың қатараралықтарын өңдеу, картопты, дәнді дақылдарды жыйнау, сол сыяқты, мал шаруашылығындағы ауыр жұмыстар механикаландырылуда.

Алайда, негізгі шаруашылық жұмыстарының үздіксіз механикаландырылуымен бірге, егіншілік пен мал шаруашылығындағы еңбекті көп тілейтін кейбір жұмыс салаларының механикаландырылуы әлі де болса жеткіліксіз. Мәселен, колхоз қырмандарындағы жұмыстардың жеткіліксіз механикаландырылуынан комбайннан түскен астықты тазарту, кептіру жұмыстары өте баяу жүргізіледі. Соның өзінде, бұл жұмыстарды атқаруға көп адам қатысып жүр. Пішенді маяға үю, тасу жұмыстары да дене еңбегін өте көп жұмсау арқылы орындалып келеді. Соның салдарынан кейбір жағдайларда дайындалған пішеннің саны мен сапасын көп кемітіп алу сияқты фактілер орын алып келеді.

Ауыл шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды комплексті механикаландыру жолында көптеген колхозшылар, МТС, совхоз жұмысшылары мен мамандар ізденулі. Олардың бұл еңбектері өзінің нәтижесін беріп те келеді. Облысымыздағы көптеген жаңалық табушылар еңбек өнімділігін еселеп арттыруды қамтамасыз ететін жаңа машиналар мен тетіктер жасауда.

Жаңалық табушыларымыздың үздіксіз ізденуінің нәтижесінде, тек өткен жылғы егін жыйнау кезінде ғана олар жасап шығарған 150-ден астам жұмысты өнімді істейтін астық тазартқыштар колхоздар мен совхоздардың пайдалануына берілді. Ол астық тазартқыштардың барлығы да колхоздарда, МТС пен совхоздарда бар кергілікті материалдардан әзірленді. Мұндай астық тазартқыштардың еңбекті көп жеңілдетумен бірге, қырманда астық тазарту жұмысын тездететінін колхоздар мен совхоздардың еңбекшілері іс жүзінде көрді. Сондықтан жаңалық табушылар ұсынған астық тазартқыштар үстіміздегі егін орағы кезінде колхоздарда екі есеге жуық көбейтіліп отыр. Жаңалық табушыларымыздың жасап шығарған машиналарының ең жақсылары тек біздің облыстың колхоздарында ғана емес, сонымен бірге, республикамыздың басқа да облыстарының колхоздарында өндіріске кеңінен қолданылуда.

Полудень ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының мүшесі Михаил Евсеевич Жуков сағатына 6 тонна дән тазартатын механикаландырылған жабайы веялка жасап шығарды. Бұл веялканы астық тазартуға қолдану әрбір колдень ауданы) локомобиль машинисі Готлиб Баун жолдас ат молотилкасын дән тазартқыш етіп қайта жасады. Бұл дән тазартқыш машина астық тиейтін аспаптармен жабдықталған. Сондықтан оны қолдану жүк автомашиналарына астық тиеу жұмыстарын да жеңілдетіп отыр. Өткен жылы Полудень ауданындағы Тельман атындағы, Свердлов атындағы колхоздар осы машиналармен 936 тонна астық тазартты. Бұл күндері Баун жолдас сағаттық жұмыс өнімділігі 8—10 тонналық өздігінен жүретін астық тазартқыш машинаның құрылысын аяқтап келеді.

Киров атындағы астық совхозының директоры инженер П. Ф. Дьяченко жолдас Петропавл қаласындағы заводтардың біртоп конструкторларымен және облыстың ауыл шаруашылығы мамандарымен бірлесе отырып, «Д—2—М» веялка-трубопультінің конструкциясын жасап шығарды. Бұл машинаны астық тазартуға пайдаланған кезде, оның сағаттық жұмыс өнімділігі 12,7 тоннаға дейін жететіндігі анықталды. Бұл машина астықты жақсы тазартумен бірге, оны жүк автомашиналарына тиеу жұмыстарын да атқарады. Машинаны небары 4 адам ғана қамтыйды. Кәзір мұндай веялкаларды республикамыздың кейбір облыстарындағы заводтар жасап шығаруда.

Полудень ауданы, Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері Матвей Бабко, Андрей Голубев, Преснов ауданы, «Красный партизан» колхозының мүшесі Иван Романенко жолдастар және басқа да рационализаторлар астық тазарту жұмыстарын механикаландыру жөнінде бағалы инициатива көтерді. Мұның барлығы мемлекетке астық тапсырудың мерзімін едәуір қысқартуға, қырмандарда астықтың ысырабын азайтуға, сонымен бірге, астық тазартудағы көптеген колхозшылардың қолын босатуға мүмкіншілік беріп отыр.

Возвышен астық совхозының № 2 бөлімшесінің слесарі Филипп Иванович Белоусов бракка шығарылған комбайн бөлшектерінен қырғыш- шнекті астық тиегіш жасады. Бұл машинамен үш-төрт минут ішінде 4 тоннальық жүк машинасына астық тиеуге болады.

Ленин ауданындағы «Мир» колхозының председателі Билль жолдастың инициативасы бойынша механикаландырылған тұрақты астық қырманы жабдықталды. Бұл қырманға Билль жолдас жасап шығарған дәннің жоғары сорттылығын қамтамасыз ететін астық сепараторы орнатылған. Комбайннан қырманға түскен астық 10 тонналық таразымен өлшеніп, сонан кейін цементтелген орға төгіледі. Жүк көтеру аппараттары арқылы ордағы астық сепаратордың шөміштеріне келіп түседі. Сепараторда тазартылған дән транспортер арқылы 6 триерден құралған дән тазартқыш агрегатқа келеді. Бұл триер агрегаты трансмиссидің көмегімен қозғалысқа келіп, дән тазартады.

Бұл машиналармен тазартылған астық өзінің тазалығы жөнінде себу сапасына дейін жеткізіледі. Сөйтіп, мұнда

туда. Мәселен, Налобин МТС-нің рационализаторлары механик Орловский жолдастың басқаруымен егін жыйнауға пайдалануға жарамсыз комбайнның және басқа да жарамсыз ауылшаруашылық машиналардың бөлшектерінен пішен жыйнағыш-мая үйгіш машина жасады. Бұл машина атжалда жатқан шөптерді жыйнаумен бірге, салмағы 25 центнерлік мая жасайды. Оның шөп жыйғыш-мая үйгіш аппараттары машинаның доңғалақтары арқылы жұмыс істейді.

Вильямс атындағы МТС-тің директоры инженер Фарафонов жолдас өздігінен айналатын тырманың конструкциясын жасады. Бұл тырманы жер өңдеуге қолданудың нәтижесінде топырақты өңдеу жұмысы едәуір жеңілдетілді. Өздігінен айналатын тырмамен бір ізде тырмалағанда топырақ бұрыннан қолданылып жүрген тырмалармен үш-төрт ізде тырмаланғандағыдай болып өңделеді. Өздігінен айналатын тырмамен жұмыс істеген кезде, оның айналу бағытын және айналу жылдамдығын өзгертіп отыруға болады. Мұның өзі әрбір егістік участоктің топырағының ерекшеліктеріне қарай, оны өңдеуге түрлі әдістер қолдануға мүмкіншілік береді.

Сол сияқты, Полудень, Баян тағы басқа МТС-тердің рационализаторлары ауыл шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруды жақсарту мақсатымен бірнеше ауылшаруашылық машиналарының тәжрибе үлгілерін әзірлеуде. Бұл МТС-тердегі рационализаторлар жергілікті партия, совет ұйымдарының және шаруашылық басшыларының көмегімен, ауылшаруашылық мамандарымен бірлесе отырып, көзіргі жағдайда маңызы зор болып отырған жұмыс салаларын механикаландыруды шешу жолында аянбай күресуде.

Бірақ, айта кетуіміз керек, кейбір МТС-тердің басшылары рационализаторлардың бастамаларына мән бермейді, олардың тапқан жаңалықтарының маңыздылығын ескермейді. Осының салдарынан кейбір жағдайларда рационализаторлардың инициативаларын тұншықтыруға жол беріледі. Мәселен, Петропавл МТС-нің директоры Любарь жолдас облыстық ұйымдардың бірнеше рет ескертуіне қарамастан, МТС-тің участоктік механигі Цицер жолдастың картопты шаршы- ұялы әдіспен отырғызу кезінде жерді ұзын бойына және көлденеңінен бір мезгілде маркерлейтін барабанды маркердің тәжрибе үлгісін жасауына ұрықсат етпеген. Осының салдарынан облысымыздағы барлық МТС-тер мен колхоздар мүдделі болып отырған бағалы жаңалық жүзеге асырылмай қалып отыр.

Егіншілік пен мал шаруашылығындағы еңбекті көп ететін жұмыстарды механикаландыру мәселесін шешу жолында жұмыс істеп келе жатқан село рационализаторларының творчестволық ойын және ашқан жаңалықтарын дамыта беру үшін ауылшаруашылық насихат басқармасы арнаулы тақырыптар жыйнағын шығарды. Онда рационализаторлар үшін

Кеңалымды шөп машинасының машинисі Нұрақмет Ғалиев Совет ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында жұмыс істеп, күнделік нормасын 170 —180 процентке дейін асыра орындайды.

СУРЕТТЕ: Нұрақмет **Ғалиев.**
Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

★ ★

Булаев май өндірушілерінің табысы

Булаево және Весиловский бірлескен май өндірушілер коллективі қажырлы еңбек етіп, үстіміздегі жылы елеулі табыстарға жетті. Олар жартыжылдық сарымай өндіру жоспарын 134,7 процент етіп орындап, оның өзіндік бағасын 7,8 процент кемітті. Осы сияқты, жеті айлық жоспар да асыра орындалды.

Май өндіру заводтарының жұмысшы инженер- техник қызметкерлері, әсресе, мастер Путницев жолдастың инициативасымен мемлекеттік банктен алған қарыз ақшаға кіші мөлшерлі электростанциясы салынды. Бұл электростанциясы өнімділігі жоғары жаңа механизмдер жабдықтарын жүргізеді. Осының нәтижесінде еңбек өнімділігі 20 процент артып, жұмысшылардың еңбегі жеңілдетілді.

Сары майды өндіруде және оның сапасын арттыруда Булаев май өндіру заводының мастерлері: Кулемесец, Путинцев жолдастар ерекше жақсы нәтижелерге ие болды. Булардың өндірген сары майын мемлекеттік қабылдау инспекциясы ең жоғары сортты май деп тауып, оның ішіндегі 50 проценттен астамын «Экстра» сортына жатқызды.

1954 жылдың екінші тоқсанындағы қол жеткен үздік табыстары үшін Булаев және Весиловский май өндіру заводының коллективіне Бүкілодақтық үшінші дәрежелі ақшалай сыйлық берілді. Май өндіру заводының коллективі қабылдаған социалистік міндеттемесін қайта қарап, жылдық жоспардың барлық өндіріс-финанс көрсеткіштері бойынша Ұлы Октябрь революциясының 37 жыллығы мерекесіне дейін артығымен орындауды уәде етті.

Редакцияға хат

Өздерінің қамы үшін

«Борьба за коммунизма» ауылшаруашылық артелінің орталығы Григорьевка селосында соңғы кезде кино жиі көрсетілетін болды. Бұған риза болған колхозшылар ұнамды пікірлер де айта бастаған еді. Кино көруге келгендердің бірі:

—Сірә жоғары жерден «дүмпу» болғанға ұқсайды, байқайсың ба, жылжымалы киноның қалай келгіштегенін,—деді.

—Ой білмеймін-ау, қайта-қайта басқа жағдаймен келмесе не дейсің, өйткені, клубтан басқа ешқайда бармайды гой механик, —деп күдіктенді екіншісі.

Шынында да Григорьевка селосында кино көрсетудің жиіленуі колхозшыларға мәдени қызмет ету мақсатында емес, басқа мақсатта болған еді. Ол Совет аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Губарев және оның зайыбы Вера Петровна Таран жолдастардың қажетінен туған жағдай болатын.

Мұның мәнісі мынада: үстіміздегі жылы июль айының екінші жартысында Таран жолдас Григорьевка жетіжылдық мектебінің директоры болып тағайындалды. Содан бері едәуір уақыт өтіп, жаңа оқу жылы таялып қалса да, мектеп үйі әлі әзір емес. Іші-сырты ақталмаған. Мектеп мөбельдері жөнделмеген, отын дайындалмаған. Өйткені, бұл жұмыстарға тікелей басшылық жасайтын адам жоқ. Таран жұмысқа араласудың орнына, колхоз орталығына көшіп те келмей, осы күнге дейін аудан орталығы Смирново селосында тұрады.

Дегенмен, Вера Петровна мектепті естен «шығармаудың» екінші бір амалын тауыпты. Ол аптасына үш-төрт рет бас көрсетіп қайтуға үйғарды. Бірақ, ерсіліқарсылы жүруге аудан орталығы мен Григорьевканың арасы тым қашық—15 километр. Жаяу жүруге директор деген атына ұят, ал, көлік жоқ. Міне, осындай «қыйыншылықтың» амалын таба алмаған зайыбына «қамқоршы» ері «жардемге» келді.

—Мен таптым ақылын, Верочка, тіпті оп- оңай, — деді ол, —Григорьевка және Ивановка участоктері көршілес. Оларды киномеханиктер Гришин мен Чупахин қамтыйды. Ендеше, солар кезектесіп апарып тұрады, сені мектепке.

Сол-ақ екен Смирново мен Григорьевка селосының арасында жылжымалы кино орнатылған автомашина күн сайын тоқталмастан ағылып, жүріп тұратын болды. Август айының бас кезінде киномеханик Гришин селолық клубта бір фильмді жігін жазбастан үш күн бойы қойды. Тіпті көрушілердің аздығына да қарамаған жоқ ол.

—Бригада басына неге бармайсың—дегендерге ол қысқа жауап береді:

—Мен ештеңе білмеймін, бастықтың бұйрығы осы, орындауға тиеспін.

Ал, Чупахин жолдас қамтыйтын Ивановка участогінің ең жақыны «Красный полтавец» колхозы. Бұл колхоз Григорьевкадан 25 километрдей. Соған қарамастан ол да Таран жолдасты машинаның кабинасына отырғызып алып, Смирновадан Григорьевкаға жеткізуде жүрген көрінеді.

Совет және Сартомар МТС-терінің қамтуындағы «Аралағаш», Ленин атындағы, «Красное поле» сияқты колхоздарда кино көрсетілмегеніне екі- үш ай, ал, кейбіреулеріне жарты жыл болды. Губарев жолдас жылжымалы киноның автомашинасын өзі мен әйелінің қамы үшін пайдалануды қойып, бұл колхоздардағы механизаторлар мен егіншілерді киномеч қашан қамтамасыз етер екен?

Х. РАХМЕТОВ.

Мекемелер пәтерлерге, пәтершілер мекемелерге көшті

Октябрь аудандық партия комитетінің Торангүл МТС-і аймағындағы нұсқаушысы болып Ғ. Мұқанов жолдас тағайындалған болатын. Ол Ленин атындағы колхозға баратын болған-ды. Колхоз орталығына келгеннен кейінгі оның алғашқы жұмысы жақсы пәтер үй іздеуден басталды. Оған қамқорлық жасап, алғашқы пәтер ұсынған Ленин селолық тұтынушылар қоғамының председателі Қонарбаев болды. Ол өз мекемесінің өзеңсесін Мұқановқа босатып беруге уәде етті. Ал, өзі тұтынушылар қоғамы үшін үй іздеуге кіріісті.

Аудандық партия комитетінің осы МТС аймағындағы секретары Ыбыраевтың басшылығымен олар почта бөлімшесін бір колхозшының үйіне көшіруге, ал, оның орнына тұтынушылар қоғамының кеңсесін орналастыруға ұйғарды. Алайда, жаңа орында қызмет істеуге мүмкіндік жоқ екендігін білген тұтынушылар қоғамының басқа қызметкерлері Қонарбаевтың ары Қанафин қостағаннан кейін оқу үйінің меңгерушісі Жапаров амалсыздан кітап, газет-журналдарын шкафқа салып, ауылдық Советтің кеңсесіне көшті. Ал, ауылдық Совет почта бөлімшесіне орналасты. 2 000-деген кітап оқушылары, көптеген кітаптары бар оқу үйінің тар бөлмеде қалайша жұмыс істейтіні кімге де болсын белгілі. Бірақ, онымен Мұқановтың ісі жоқ. Өзіне тәуір пәтер тапқанына қуанып, көңілі шат.

Тұтынушылар қоғамы қызметкерлерінің Мұқановка бермей қалған кеңсе үйіне иелігі көпке созылмады. Оған жаңа күштірек, әмірі жүретін адам табылып, аудандық тұтынушылар қоғамының председателі Юндиннің тікелей нұсқауы бойынша колхоз партия ұйымының секретары Қанафин орналасты. Өз үйінен қуылып шыққан селолық тұтынушылар қоғамының қызметкерлері колхоз кеңсесіне көшуге мәжбүр болды. Сөйтіп, мекемелер тар бөлмелерде қысыла орналасып, кеңсе

хозда бір маусымда осы жұмыстарға жұмсалатын еңбеккүннен 800-ден аса еңбеккүн үнемдеуге мүмкіндік берді. Кәзір облыс колхоздары үшін қалалық кәсіпорындары М. Е. Жуковтың конструкциясы бойынша 100 веялка жасан, оның жұмысын аяктап келеді.

Ленин аудандық өндіріс комбинатының шеберi Егор Платонович Потапов астық тазартқыш машиналарды жақсартуда бірнеше жыллан бері жұмыс істеп жүр. Бұл күндері Ленин ауданындағы колхоздарда Потапов жолдас жасан шығарған көптеген машиналар астық тазартуға қолданылуда. Оның чертежі бойынша облысымыздың басқа аудандарындағы колхоздардың колхозшылары да бірнеше машиналар жасады. Сол сыяқты, Потапов жолдастың конструкциясы бойынша облыстық жергілікті және отын өнеркәсіп мекемелерінде 100 веялка—астық пульті жасалуда.

Тельман атындағы колхоздың (Полу-

жоғары сапада тазартып, кептіру жұмыстары толығынан механизм күшімен атқарылады. Бұл қырманның жұмыс өнімділігі тәулігіне 100 тоннаға дейін барады. Қырмандағы астық тазарту жұмысында небары 3 адам ғана істейді.

Киров атындағы астық совхозында жасалған механикаландырылған және электрленген қырман тәулігіне 500 тонна астық тазартуға мүмкіншілік беріп отыр. Бұл қырманда күн сайын 25 комбайнның бастырған астығын тазартып отыруға болады. Соның өзінде қырмандағы астықты тазартатын және кептіретін машиналарды небары 5 адам ғана қамтыйды. Сөйтіп, совхозда астық тазартуда жүрген әрбір жұмысшының күндік еңбек өнімділігі 100 есе арттырылып келеді.

Облысымыздағы рационализаторлар мен жаңалық табушылардың еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөніндегі табыстары ауылшаруашылық

кептеген ауыр қажетті мәселелер қамтылған. Бұл мәселелерді ойдағыдай шешу колхозшылардың еңбегін жеңілдетумен бірге, ауыл шаруашылығының барлық салаларында еңбек өнімділігін арттыруға қолайлы жағдай жасады.

МТС-тер мен совхоздарда құрылған рационализаторлар мен жаңалық табушылар советі село рационализаторларының творчестволық белсенділігін көтере түсуде үлкен роль атқарады. Сондықтан бұл советтердің де жұмыстарын барған сайын жақсарта беру қажет. Сөйтіп, жаңалық табушылардың инициативасын қолдап, күшейте беру керек. Тек сонда ғана жаңалық табушылар тарапынан қойылған бағалы ұсыныстарды талдауға, рационализаторларға ойдағыдай көмек көрсетуге мүмкіншілік жасалады.

М. ГАРДБЕРГ,
Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, ауыл шаруашылығы насихат басқармасының бас инженері.

Д. НЕВОЛИН.

ҚОСЫМША АҚЫ ТӨЛЕНДІ

Совет ауданы «Борьба за коммунизма» колхозы шошқа етін дайындауда жеті айлық мемлекеттік жоспарды едәуір артық етіп орындады. Мемлекетке ортадан жоғары семіздіктегі 200 центнерден астам ет тапсырылды.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде қол жеткен табыстары үшін колхоз басқармасы, жуырда озат шошқа күтушілерге қосымша ақы төледі. Елизавета Пиневская, Клавдия Ламаш, Анна Гринко, Валентина Ламаш жолдастардың әрқайсысы екі торайдан алды.

Артель басқармасы, сонымен бірге, товарлы сүт фермасының мандай алды сауыншылары Мария Желеба тағы басқаларына да қосымша еңбекақы ретінде еңбегіне қарай бір-бірден, екі-екіден бұзау берді. Колхозшыларға барлығы 20 бас мал берілді.

бұл жекедара шешіміне қарсылық білділіп ,көңсені көшіруден бас тартты.

Бұл ойы орындалмаған соң Мұқановтың көзі енді селолық оқу үйіне түсті. Оны ауылдық Совет председателі Бүтінбаев пен бастауыш партия ұйымының секретаиздеушілер жайлі орынға қарық болды да қалды.

Қоғамдық үйлерді өз білгендерінше пайдаланы жұрғендердің бұл істеріне аудан басшылары не дер екен?

С. САУЫТБЕКОВ.

Балалар яслиі қашан ашылар екен?

Преснов ауданындағы Жданов атындағы колхозда балалар яслиі әлі күнге дейін ашылмай отыр. Осының салдарынан өткен 1953 жылда 40-тан астам жас балалы әйелдер колхозда еңбекке қатыспады. Үстіміздегі жылы да осы кемшіліктер қайталанып отыр. Колхозшы әйелдер Қ.Бұқаева, М. Сәбитова, Т. Төлебаева, Ж. Құлақбаева тағы басқа да ондаған әйелдер колхозда еңбек еткісі келеді.

Амал не, колхоз председателі Қ. Әбілдин, колхоз партия ұйымының секретары Б. Некебаев жолдастар колхозда ясли ашатын үй жоқ деген сылтаумен жас балалы әйелдердің колхоз өндірісінде еңбек етуіне мүмкіндік тудырмай-ақ келеді. Кәзір ең қызу кезең—егін ору, мемлекетке астық тапсыру науқаны жүргізіліп жатыр. Бұл науқанды ойдағыдай өткізуге қолдағы бар күш-мүмкіншіліктерді көзіне көзге толық пайдаланбай, жас балалы аналардың орынды тілектерін орындаудан бас тартып, оларды еңбек етуден тыс қалдыруда колхоз басшыларының ойлағандары не екен?

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Қала мектептері жаңа оқу жылы қарсаңында

Енді аз күннен кейін еліміздің мектептерінде жаңа оқу жылы басталады. Қала мектептерінде жұмыс істеу үшін еліміздің жоғары оқу орындарын бітірген ондаған жас педагогтар келді. Көптеген оқытушылар өздерінің білімдерін көтеру мақсатымен мұғалімдік, педагогикалық институттарда сырттан оқиды. Мысалы, № 5 орта мектептің оқытушысы Ш. Құсайынов, Петропавл оқытушылар институтын, № 4 орта мектептің оқытушылары Тарасенко, Мисина, Аубакирова, № 6 орта мектептің оқытушысы Смолянинов Омскі педагогикалық институтын бітіріп, қолдарына диплом алды.

Жаңа оқу жылын Молотов атындағы орта мектеп жақсы әзірлікпен қарсы алғалы отыр. Мектеп үйі кәзір толық жөнделіп болды. Жөндеу жұмыстарына 15 мың сомның қаржысы жұмсалды. Физика, химия кабинеттері үшін 2 мың сомның аспаптары сатылып алынды. Герцен атындағы орта мектепте 24 мың сом қаржы жұмсалып, мектеп үйі толық жөнделуден өтті.

Жаңа оқу жылын № 4 жетіжылдық мектеп, № 1 орта мектеп, № 5 орта мектеп жанындағы интернат коллективі де жақсы әзірлікпен қарсы алғалы отыр. Кәзір қала мектептерінде оқулықтар, жазу құралдарын сату ұйымдастырылуда.

Дегенмен, қаланың барлық мектептері жаңа оқу жылына әзір отыр деп айтуға болмайды. № 3 жетіжылдық мектептің үйі ескірген, ол күрделі жөндеуді керек етеді. Қазақ ССР оқу министрлігі мектеп үйін жабдықтау үшін жеткілікті мөлшерде қаржы босатқан еді. Бұл қаржы құрылыс материалдарының табылмауы салдарынан пайдаланылмай қалды. Ақырында жеңіл жөндеу жұмысын жүргізу ұйғарылған болатын. Алайда, мұның өзі де дұрыстан қолға алынбай отыр. Мектеп үйін жөндеуді Зистович жолдас басқарған құрылыс мекемесі жүргізуге тиіс. Алайда, бұл мекеме мектеп жөндеуге керекті адамдарды бөліп, оларды құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуді ұйымдастырмай отыр. Жөндеудің оқу жылы басталғанға дейін аяқталмай қалу қаупі де бар.

Қала мектептерінің көпшілігінде класс бөлмелерінің саны жалпы оқушылардың санына сай келмейді. Мұндай жағдай № 4 бастауыш мектепте орын алған. Бұл мектепте быйыл 600 оқушы оқуға тиіс. Класс бөлмелерінің аз болуы себепті мұнда сабақтың үш сменада жүргізілуі белгіленіп отыр. Ал, мұндай әдістің оқу- тәрбие жұмыстарының тыңғылықты ұйымдастырылуына кері әсер ететіні сөзсіз. Мектепте пионер бөлмесін, спорт залын да ұйымдастыратын орын жоқ.

Мектеп үйінің шағын болуы және ондағы оқушылар санының көп болуы себепті № 3 жетіжылдық мектепте де библиотека, тәжрибе бөлмелері, спорт залы үшін орын қалмаған. Мұндай жағдайлар қала мектептерінде өткен жылы да кездескен болатын. Алайда, қалалық оқу бөлімі бұл кемшіліктерді быйылғы оқу жылында болдырмаудың жолын мүлде қарастырмаған.

Облыстық және қалалық оқу бөлімдері қала мектептерінің жаңа оқу жылына әзірлігін тағы да бір байқап, орын алған кемшіліктер мен қателіктерді дереу жоюға барлық жағдайды жасаулары керек.

Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ.

Әйелдер—өндірісте зор күш

Совет Одағының еңбекшілері Коммунистік партияның басшылығымен коммунистік құрылыстың ұлы программаларын іскерлікпен жүзеге асыруда. Ауыл шаруашылығы еңбекшілері СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының қаулыларын орындау жолында еселеген қарқынмен еңбек етуде.

Партия мен үкімет алға қойған бұл абройлы міндеттерді жүзеге асыруға бүкіл совет әйелдері сыяқты, облысымыздың колхозшы әйелдері де белсене араласуда. Оған ерлермен бірге ауыл шаруашылығының барлық салаларында қажырлылықпен еңбек етіп жүр. Совет әйелдерінің еңбек етуіне, оқуына, дем алуына толық правосы бар.

Партияның шақыруы бойынша ерлермен бірге әйелдер де бұрын ел мекендемеген тың және тыңайған жерлерді игеріп, елімізде астық молшылығын жасау, сөйтіп, жеңіл тамақ өнеркәсіптерін шикізатпен қамтамасыз ету күресіне аттанды. Облысымыздың жүздеген әйелдері өздері үйрен механизатор мамандығын меңгеріп, тың жерлерде жұмыс істеуге тілек білдірді. Көптеген механизатор әйелдер бұрынғы мамандығы бойынша жұмыс істеу үшін машина- трактор станцияларына қайта оралды.

Қала кәсіпорындарының, сондай- ақ, ауыл- селолардың жүздеген әйелдері механизаторлар даярлайтын курстарға оқуға түсіп, оны ойдағыдай бітіріп шықты. Бұл күндері олар көктемгі егіс кезіндегі сыяқты, ауыл шаруашылығы жұмыстарының ең жауапты кезеңі —егін жыйнау, Отан алдындағы бірінші парыз — мемлекетке астық тапсыру күндерінде де қажырлылықпен еңбек етуде. Облысымыздың колхоз, совхоздарында және МТС-терінде өзінің сменалық нормасын мерзімінде және асыра орындайтын озат әйелдер көптеп саналады.

Мысалға Образцовой МТС-нің комбайншысы Е. Шепелева жолдасты алайық. Ол өткен жылы МТС қамтуындағы «Путь к социализму» колхозында егін жыйнап, техника қуатын үнемді пайдалану арқылы егін орағын қысқа мерзімде аяқтап шықты. Шепелева жолдас быйыл да осы колхоздың егін даласында еселенген қарқынмен еңбек етуде. Оның агрегаты 7 мың гектар егін жыйнап, 8 мың центнер астық бастыруға міндеттенді.

Агрегаттың егін орағына үлгілі өзірленіп, оған ұйымшылдықпен кірісуі) алғашқы күннен бастап-ақ техниканы үнемді пайдалануға, сменалық тапсырманы асыра орындауға мүмкіндік беруде. Егін орағының бірінші күндерінде Шепелева жолдастың агрегаты 32 гектар егін орып, одан 400 центнерге жуық өнім алды. Мұндай озат механизатор әйелдер облысымызда көптеп саналады.

Сол сыяқты, әйелдер қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру күресіне де белсене араласуда. Облысымыздың колхоз, совхоздарының озат әйелдері қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде айтарлықтай табыстарға жетіп, өздеріне бекітілін берілген малдардың қоңды болуын, олардан өнімнің мол алынуын қамтамасыз етті.

Тоқшын совхозының № 1 фермасының жас сауыншысы Ғ. Әбдірәшитова жолдас өткен жылы өзіне бекітілін берілген 12 сыйырдың әрқайсысынан 3450 литрден сүт алып, олардан алынған 12 бұзауды аман өсірді. Быйыл Әбдірәшитова жолдастың қарамағында 10 сауын сыйыр бар. Ол олардың әрқайсысынан 4 мың литрден сүт алуға, 10 бұзауды қоңды етіп өсіруге міндеттенді. Жас сауыншының сөзі мен ісінің арасында ешқандай алшақтық жоқ. Әбдірәшитова жолдас алты айдың ішінде «Готовая» атты сыйырдан 2 мың литрден артық сүт алды. Ал, қалған сыйырлардан алған сүттің мөлшері де осыған жуық.

Жас сауыншы Әбдірәшитова жолдас Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат болып ұсынылып, жақында Москваға барып қайтты. Оның көрмеде болып, онда озат малшылар мен сауыншылардың, әсресе, «Караваево» совхозының орта есеппен әрбір сыйырдан 6.120 килограмм, ал, «Комса» атты сыйырдан 13,5 мың килограмнан сүт алған сауыншыларының іс тәжрибелерімен танысуы, оның мал шаруашылығы өнімін бұрынғыдан да арттыруына, сөйтіп, әрбір сыйырдан сүтті мол алуына мүмкіндік беруде. Сол сыяқты, осы совхоздың сауыншысы Ашеткова жолдас та өзіне бекітілін берілген сыйырлардан мол өнім алып, жақсы көрсеткішке ие болып келеді.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы колхоз және совхоз өндірісінде әйелдердің зор роль атқаратындығын атап көрсетіп, колхозшы әйелдердің, МТС және совхоз жұмысшы әйелдерінің арасында бұқаралық- саяси және мәдени- ағарту жұмысын күшейту, әйелдерді колхоз құрылысына және егін шығымдылығын арттыру, мал шаруашылығын өркендету жолында белсене күресуге кең қатыстыру міндетін қойды. Бұл міндеттерді әйелдер арасындағы саяси-тәрбие жұмыстарын жақсартып, олардың шаруашылықта жұмыс істеуіне қолайлы жағдай туғызған уақытта ғана жүзеге асыруға болады.

Облысымыздың бірқатар партия, совет ұйымдары Пленум алға қойған бұл міндетті орындау мақсатымен әйелдер арасында бұқаралық -саяси және ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесін анағұрлым жақсартты. Олардың еңбекке толық қатысуына жағдай жасау үшін колхоз, совхоздардан көптеген балалар яслийлері ашылды. Мәселен, Полудень ауданының колхоздарында 21, Приешім ауданының колхоздарында 16 балалар яслиі ашылды. Булаев, Соколов, Конюхов аудандарының бірқатар колхоздарында да балалар яслилері және балалар алаңдары ұйымдастырылды. Олар тәрбиешілермен, азық- түлікпен және басқа қажеттерімен толық қамтамасыз етілді. Мұның өзі, жас балалы әйелдердің еңбекке белсене араласын, алаңсыз жұмыс істеуіне мүмкіндік берді.

Алайда, бірқатар колхоз, совхоздардың партия ұйымдары және олардың басшылары әйелдер арасындағы бұқаралық- саяси және ұйымдастыру жұмыстарын жақсартуға, олардың еңбекке қатысуына қолайлы жағдай туғызуға жете көңіл бөлмей келеді. Мұның өзі, туғанды балалар яслийлерін, балалар бақшаларын ұйымдастыруды кешеуілдетуге әкеп соғуда. Әйелдердің өндіріске араласуына едәуір кедергі жасауда.

Мәселен, Преснов ауданының «Сталин жолы» колхозында 30-дан астам жас балалы әйелдер бар. Колхозда күні осы уақытқа дейін балалар яслийлері ұйымдастырылған жоқ. Балалар яслиін ашуға колхоз партия ұйымының секретары Сатин, басқарма председателі Жолмұқанов жолдастар бөгде мәселе есебінде қарайды. Міне, соның салдарынан, осы колхоздың жас балалы әйелдері колхоз өндірісіне қатыса алмай отыр. Ал, колхозда еңбек ететін адамдар жетіспейді. Соған қарамастан колхозда балалар яслиін ашу ұзаққа созылуда.

Сол сыяқты, Совет ауданының «Көктерек», «Новый быт», Молотов атындағы, «Аралағаш» колхоздарында, Ленин ауданының «Бірлік», «Еңбек» және Калинин атындағы колхоздарында күні осы уақытқа дейін балалар яслиі ашылған жоқ. Соның салдарынан аталған колхоздардағы көптеген жас балалы әйелдер қоғамдық еңбекке қатыса алмай келеді.

Әрбір колхозда балалар яслиін ашу, сөйтіп, колхозшы әйелдердің қоғамдық еңбекке белсене қатысуын қамтамасыз ету— партия, совет ұйымдарының ең негізгі міндеттерінің бірінен саналады. Мұнымен бірге, партия, совет және комсомол ұйымдары әйелдер арасындағы саяси-бұқаралық және ұйымдастыру жұмыстарын мейлінше жақсартып, оларды СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысы алға қойған міндеттерді абройлы орындау күресіне жұмылдыра білулері керек. Сөйтіп, совет әйелдерінің ерлермен бірге шаруашылықтың барлық салаларында белсене еңбек етуіне жетісулері қажет.

Г. КӨРПЕШЕВА.

Мектеп үйі әзір

Совет ауданындағы Еркіндік жетіжылдық мектебі жаңа оқу жылын толық әзірлікпен қарсы алғалы отыр. Мектеп үйі жөнделіп, төбесі қайтадан шифрмен жабылды. Үйдің едені, есік, терезелері сырланып, іші- сырты ағартылды. Кәзір мектептің айналасы қоршалып, спорт алаңдары тазартылуда. Сол сыяқты, қысқа керекті отын да мектеп жанына тасылып жатыр.

Селолық дүкенде оқулықтар, дәптерлер мен басқа оқу құралдарын сату ұйымдастырылған.

А. ЫСҚАҚОВ.

Кореяның оңтүстігі мен солтүстігінде

1. ЖАҢА ҚҰРЫЛЫСТАРДА

Дүние жүзіндегі барлық елдердің халықтары 38 параллельдің екі жағында да Кореяның жарты аралында болып жатқан оқыйғаны аса зейін қоя байқап отырады.

Бұл параллельдің солтүстігінде, Корей Халық- Демократиялық Республикасында қызу жемісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Соғыс түсірген жарақаттар жазылуда.

Солтүстік Кореяның еңбекшілері американ басқыншыларына қарсы үш жылға созылған ауыр күресте Совет Армиясының Кореяны жапон басқыншыларынан азат етуі нәтижесінде қол жеткен бостандық пен тәуелсіздікті, халық жүзеге асырған демократиялық табыстарды қорғай отырып, өздерінің барлық күштерін өз елін американ интервенциясына дейінгіден де анағұрлым тамаша ету жолына жұмсап келеді.

Биыл Корей Халық- Демократиялық Республикасының еңбекшілері халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің үшжылдық жоспарын жүзеге асыруға кірісті, бұл жоспар өнеркәсін және ауылшаруашылық өндірісін тек соғысқа дейінгі ғана дәрежесіне жеткізуді емес, сонымен бірге ол дәрежеден асырып түсіруді көздейді. Кореяның Еңбек партиясымен халықтық үкметі, әсресе, өнеркәсіпті қалпына келтіруге және өркендетуге ерекше көңіл бөлуде. Шаруашылықтың бұл саласы соғыс күндерінде зор зиян шекті. Өнеркәсін орындарының жалпы өнімі 1953 жылдың орта шенінде соғысқа дейінгі дәрежесінен 40 процентген астам кеміді. Үшжылдық жоспарға сәйкес өнеркәсін өндірісінің дәрежесі 1956 жылы соғысқа дейінгісінен біржарым есе, ал, көпшілік түтынатын бұйымдар өндіру— екі есе артуға тиіс. Бұл мерзім ішінде қалпына келтірілетін және кеңейілетін кәсіпорындарының ішінде Пхеньян және Кусон тоқыма фабрикасы, Пхеньян жібек тоқу фабрикасы, Кильчжудағы, Синыйчжудағы қағаз фабрикалары, Пхеньяндағы резина және былғары заводтары мен ет комбинаты сияқты көпшілік қолды бұйымдар өндіретін ірі- ірі фабрикалар мен заводтар бар.

Өнеркәсіптің—автомобиль, кеме құрылысы, машина жасау сияқты жаңа салалары құрылуда.

Үшжылдық жоспарға сәйкес Корей Халық-Демократиялық Республикасында бүтіндей халық мүддесіне, тәуелсіз корея мемлекетінің дамуы мүддесіне қызмет ететін экономика жасалады. Ауыл шаруашылығында да зор жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Корей Халық-Демократиялық Республикасының еңбекшілері үшжылдық халық шаруашылығындық жоспар көніндегі заңды зор өрлеумен қарсы алды. Бүкіл республикада үшжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы қозғалыс өрістеп отыр. Көздірдің өзінде алғашқы ірі табыстарға қол жетті. Бейбітшілікпен өткен 10 ай ішінде советтік жабдықтармен жабдықталған Пхеньян тоқыма фабрикасы іске

1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджет Еңбек партиясы мен үкметтің халықтың әл-ауқат дәрежесі көнінде жасап отырған қамқорлығының айқын дәлелі. Халыққа салынатын салықтардан түсетін кіріс сомасы 10.700 миллион вон болмақ. Халықтың мұқтаждарын қамтамасыз етуге анағұрлым көп қаржы бөсатылады. Бағаны жалпы сомасы 2.750 миллион вондық етіп арзандату және әлеуметтік-мәдени шараларды (жұмысшыларға жәрдем беру, ауруханада емдеу, мектепте оқыту, тағы басқалары) жүргізуге—9.545 миллион вон қаржы беру көзделген.

Корей Халық-Демократиялық Республикасында американ авиациясы талқандаған қалаларды қалпына келтіруге және қайтадан құруға зор көңіл бөлінуді. Пхеньян зор сүйіспеншілікпен қалпына келтірілін жатыр. Оны қалпына келтіру көнінде 15 жылға арналып жасалған жоспар көзіргі замандағы ірі қала салуды көздейді. 10 ай ішінде пхеньяндықтар 15 мыңдай тұрғын үйлер салып бітірді, ондаған фабрикалар мен заводтар, театрлар, мектептер мен ауруханалар салынып жатыр.

Корей халқына елдің шаруашылығын қалпына келтіру ісінде бейбітшілік, демократия мен социализм лагерінің барлық халқы қолқабыс көрсетіп отыр. Үстіміздегі жылдың алғашқы төрт айы ішінде ССРО, Қытай және халықтық демократияның европалық елдері Кореяға көптеген машина жабдықтарын, құрылыс материалдарын және көпшілік қолды бұйымдар мен ауылшаруашылық өнімдерін көнелтті.

Тек бір ғана Қытай Халық Республикасы биыл Солтүстік Кореяға ақысыз-пұлсыз 100 мың тонна астық, 30 мың тонна соя бұршағын, бірнеше ондаған миллион метр мата және көп көмір берді.

Корей Халық-Демократиялық Республикасының халқы өз елін қалпына келтіре отырып, Кореяда бейбітшілікті нығайтуға, біртұтас, тәуелсіз және бейбітшілік сүйгіш Корея мемлекетін құруға ұмтылып отыр.

2. АШТЫҚ, ҚАЙЫРШЫЛЫҚ, КҮЙЗЕУШІЛІК

Оңтүстік Кореяда жағдай мүлдем басқаша. Мұнда келіссөз жасалғаннан кейін де еңбір жақсылықтың нышаны жоқ. Елдің оңтүстігі тіпті шетелдік буржуазиялық баспасөздер мойындан отырғандай бұрынғыша аштық, қайыршылық пен күйзелушілік жайлаған жер.

Өткен жылдың аяқ шенінде шведтік реакциялық «Экспрессен» газетінің Кореяда болып қайтқан тілшісі Х. Хедберг оңтүстік кореялық Пусан порты—«аштық жайлаған, мұң басып, ыза кернеген қала» деп жазды. 1953 жылы онын көшелерінде аштықтан 1600 адам өлді. «Пусанның 600 мың тұрғын адамынан,—деп жазды жуырда оңтүстік кореялық «Кукче Син бо» газеті,—140 мың адам жедел көмек көрсетуді тілейді».

Оңтүстік Корея қалаларының көшелері мен жолдары босқындарға толы. Үйсіз, күйсіздер соғыс күндеріндегідей, әлі де

га қару-жарақ пен оқ-дәріні үсті-үстіне жеткізуде. Американ және жапон товарлары пайда құмарлық бағамен әкелініп жатыр. Бұл қорлардан қалпына келтіру жұмыстарына американ акционерлерінің қарауындағы кәсіпорындарына қажет болған мөлшерде ғана қаржы бөсатылады. «Көзір,—деп жазады американ журналисі Марк Гейн «Нейшн» газетінде,—қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар бір орында тұр». Лисынмандық чиновник Вон Ен Сок жуырда «Оңтүстік Кореяны қалпына келтіру жөнінде АҚШ ештеңе істей қойған жоқ» деп мойындады, ал лисынмандық «Кореан рипаблик» газеті «көмек программасының оңтүстіктің шаруашылығын гүлдендіруге емес, қайта күйзелтуге көмектесетіндігін анықтан-анық атап көрсетті».

Кореяда болған келіссөздер өмірге және тоқыраған ауыл шаруашылығына еңбір әсер ете алмай отыр. Мүлдем күйзеліске ұшыраған шаруалардың саны көзірдің өзінде 3 миллион адамнан, немесе оңтүстіктің барлық ауылшаруашылық халқының 25 процентінен асты.

Шаруалардың күйзеліске ұшырауының және жерден безіп кетуінің себебін оңтүстіккорейлік баспасөздің өзі деревняны аяусыз тонап отырған Ли Сын Ман тобының жауыздық саясатының салдары деп түсіндіреді. Салықтармен бастырмаланған (280 түрлі) шаруалар егін өнімінің 80 процентген астамын помещиктер мен өкмет орындарына беруге мәжбүр болып жүр. Шаруаларда қалған өнімді полиция мен жергілікті чиновниктер алып қояды.

Оңтүстіккорейлік газеттер хабарлап отырғандай, аштан өлмес үшін шаруалар ағаш қабықтарын, жер тамырларды, шөпті, пісірілген күріш сабандарын қорек етеді.

Қалалар мен селоларда аштықтан өлу үрейі үстем болып тұр.

Лисынмандық әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің мүлдем кемітін көрсеткен ресми мәліметі бойынша 1953 жылғы ноябрьдің өзінде Оңтүстік Кореяда ашығушылар мен тоя тамақ іше алмаушылардың саны 9.143.989 болды. Содан бері де жағдай нашарлаулы «Оңтүстік Кореяда,—деп жазады лисынмандық «Тонья Ильбо» газеті,—2.116 мың тұрғын адамдар аштан өлу хауіпінде отыр. Екінші бір газет «Чосон Ильбо» Сеулде сыпырынды төпетін жәшіктердің жанынан күн сайын аштан өлгендердің денесі табылады, деп хабарлайды. Хабтон Тхонсин агенттігі балалардың өлімі жөнінде кәзір Оңтүстік Кореяның дүние жүзінде бірінші орын алатындығын—әрбір мың баладан 220 баланың өлетіндігін мойындайды.

Оңтүстіктің халықтарында демократиялық жай праволар мен бостаншылық жоқ. «Чикаго сан энд таймс» газеті мәселен былай деп жазады: «Оңтүстік Корея—полицейлер мемлекеті. Бұл үрей қаласы. Халық бір бірінен, полиция мен чиновниктерден қорқады. 64 мың полицейдің тұтқынға алу, ұстау және азапқа салу жөнінде шексіз пұроаты бар; олар бұл пұрсатты талғаусыз пайдаланып жүр»....

Кореяның азат етілуінің тоғыз жылдығын мейрамдау

ПХЕНЬЯН, 15 август. (СОТА). Бүгін корей халқы ұлттық мерекесін — Совет Армиясының Кореяны жапондық отар езушілігінен азат етуінің тоғыз жылдығы күнін салтанатты түрде атап өтуде. Пхеньянда Корей Халық армиясы қарулы күштерінің парады және еңбекшілердің демонстрациясы болды.

Кең аланда парадқа әзірленген әскери бөлімдер сапқа тұрды. Трибуналарда — партияның және мемлекеттің басшы қызметкерлері, еңбек озаттары мен еңбек ерлері, КХДР-дың батырлары. Мұнымен бірге, трибуналарда қонақтар —ССРО-ның, ҚХР-дың және халықтық демократия елдерінің дипломатиялық өкілдері тұр.

Таңертеңгі сағат 10. Ду қолшапалақталып, қуатты «ура» естілген жағдайда орталық трибунаға Еңбек партиясы мен КХДР үкметінің басшылары: Ким Ир Сен, Ким Ду Бон, Пак Ден Ай, Пак Чан Ок, Ким Ир, Цой Чан Ик, Хон Мен Хи, Тен Ир Лен, Пак Ы Ван, Пак Ен Бин, Пак Кым Чер көтерілді.

Министрлер кабинеті председателінің орынбасары және ұлттық қорғаныс министрі вице- маршал Цой Ен Ген парадтың командашысы генерал-полковник Ким Хван Хебтен рапорт қабылдап әскерлерді аралап шықты. Бұдан соң Цой Ен Ген сөз сөйлеп, Корей Халық армиясының солдаттарын, сержанттары мен старшиналарын, офицерлері мен генералдарын он бесінші августағы мейраммен құттықтады. Ол халықтың бейбіт еңбегін сенімді қорғау үшін оларды КХДР- дың қарулы күштерінің қуатын нығайта беруге шақырды.

Әскери парадтан кейін Кореяның еңбек партиясы мен республика үкметінің басшыларын құттықтап, қаһарман қаланың халқы: жұмысшылар, теңіректегі деревнялардан келген шаруалар, пионерлер, студенттер, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері өтті. Демонстрацияшылар корей халқының өз отанын бейбітшілікпен біріктіруге және уақытша бітімді нығайтуға берік бел байлауын бейнелеп, халық шаруашылығын неғұрлым тез қалпына келтіру үшін бұрынғыдан да белсене күресуге шақырған ұрандар ұстап өтті. Транспаранттар пхеньяндықтардың мейрам алдындағы жарыста қол жеткен еңбектегі зор табыстары туралы баяндайды.

Кешке мыңдаған халық электр шамының сәулесіне бөленген қаланың жаңа алаңдары мен көшелеріне шықты. Сағат онда мейрамдық салюттің дүркіндері естілді.

Халық демонстрациялары КХДР-дың барлық ірі қалаларында, провинциялық және уездік орталықтарында да болды.

Европадағы коллективтік хауіпсіздік системасы—Австриямен мемлекеттік договорды жасаудың жолы

ВЕНА, 15 август. (СОТА). Австрияның социалистік жұмысшы партиясының (солшыл социалистер) председателі Эрвин Шарф «Дер нейе Форвертс» газетінде Австриямен мемлекеттік договор туралы және Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы мәселеге арнап мақала жариялады.

Сыртқы істер министрлерінің Берлин кеңесінде, деп жазды Шарф, бұл договорға Батыс Германияның ремилитарландыру саясатының салдарынан және осыған байланысты жаңа аншлюсс хаупі салдарынан қол қойылмағаны жақсы мәлім. Совет Одағы аншлюсс хаупінен қорғау үшін Австрияның белгілі бір аудандарында төрт державаның әскерлерін уақытша қалдыруды ұсынды. Ал Австрия үкметі бұл ымырға келу ұсынысын қабылдамай, аншлюстің көзіргі бар хаупін жоққа шығаруға тырысып, қасарысуда. Аншлюсс насихатының онан әрі жүргізілуін, «солдаттар кездесулерінің» ұйымдастырылуын және батысгерман монополияларының еліміздің экономикасына өтіп отырғанын ескеріп, былай деп айтуға болады: үкметтің мұндай болжамсыздық саясаты, егер ол қастандық саясат болмаса кәзіргі хауіпті бәсендетпейтіні былай тұрсын, қайта, оның керісінше, күшейте түседі.

Австрия үшін кәзіргі жағдайдан шығатын жол бар ма? Бар! Совет Одағы бұл жолды көрсетіп берді. Ол «европалық армияны» ұйымдастырудың американдық әрекеттеріне коллективтік хауіпсіздіктің жалпыевропалық системасын құру көнінде ұсынысты қарсы қойды. Мұндай система аншлюсс хаупін жойып, біздің елімізді соғыс блогіне тарту әрекеттеріне біржолата шек қояр еді.

Біздер, австриялықтар, дейді онан әрі автор, төрт ұлы державаның арасындағы келіссөздерді жеңілдету және коллективтік хауіпсіздік системасына жол ашу үшін үкметтің не істегенін білгіміз келеді. Австрия үкметі бұл мәселеде қандай позиция ұстамақ? Совет ұсынысына өзінің қалай қарайтынын жұртшылыққа жасырып, үкмет бұл көзқарастың, тегі, Австрияның мүдделеріне сай келмейтінін ұғарлықтай етеді.

Батыс державалар да, коалициялық үкмет те Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құруға қарсы елеулі наразылықтар білдіре алмайды. Кейбіреулердің хауіпсіздіктің европалық системасын құруға мүдделі болмай отырғаны себепті ғана Австрия оккупацияланған ел болып қалуға тиіс пе?

Франция министрлер советінің мәжілісінде

Үш министрдің орнынан түсуі

Кореяның азат елілуінің тоғыз жылдығына арналған Пхеньяндағы салтанатты мәжліс

ПХЕНЬЯН, 15 август. (СОТА). Кеше «Моранбон» театрында қаһарман Совет Армиясының Кореяны азат етуінің тоғыз жылдығына арналған салтанатты мәжліс болды.

Президиумда маршал Ким Ир Сен бастаған партия мен үкмет басшылары болды.

Пхеньян қалалық халықтық комитетінің председателі Чен Ен Пхо кіріспе сөз сөйледі. КХДР-дің және Совет Одағының Гимндері орындалды. Кореяның азат етілуінің тоғыз жылдығы туралы Министрлер кабинеті председателінің орынбасары Тен Ир Лен баяндама жасады.

Баяндамашы КХДР үкметі және Кореяның Еңбек партиясы атынан Кореяны азат еткені үшін Совет Одағына жалынды алғыс айтты. Мұнан кейін ол тоғыз жыл ішінде өткен жолдарға және демократиялық база негізінде республиканы нығайту туралы бұдан былайғы міндеттерге толық тоқталды.

Кореядағы совет елшісі С. П. Суздалев құттықтау сөз сөйледі. Мәжлісте СОКП Орталық Комитеті мен Совет үкметіне арналған құттықтау хат қабылданды.

Кореяның азат етілуінің тоғыз жылдығына байланысты Пхеньянда болған қабылдау

ПХЕНЬЯН, 16 август. (СОТА). Кеше КХДР Министрлер кабинеті Кореяның азат етілуінің 9 жылдығына байланысты қабылдау жасады. Қабылдауға Еңбек партиясы мен КХДР үкметінің басшылары Ким Ир Сен, Пак Ден Ай, Пак Чан Ок, Ким Ир және басқалары, журтшылық ұйымдарының өкілдері, өндіріс озаттары, ғылым мен искусство қайраткерлері қатысты. Қабылдауда мұнымен қатар ССРО-ның КХДР- дағы елшісі С. П. Суздалев, ҚХР-дің КХДР-дағы уақытша елшісі Ка Е-тао. Халықтық-демократия елдерінің елшіліктері мен миссияларының басшылары болды. Қатысқандарға арнап Ким Ир Сен сөз сөйледі.

Қабылдау шын пейілдік, достық жағдайында өтті.

Қытай халқы өз үкметінің бейбітшіл сыртқы саясатын толығынан қолдауда

ПЕКИН, 16 август. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда гоминданның революциялық комитетінің председателі Ли Цзи- шэнь мемлекеттік әкімшілік советінің премьері Чжоу Энь- лайдың орталық халықтық үкмет советінің

заводтар, [illegible] заводтағы алып завод тұңғыш рет металл бере бастады, автомобиль заводының құрылысы басталды, Пхеньянның ауылшаруашылық құрал-саймандарын жасайтын заводы өнім өндіруді екі есе арттырды.

Басқыншылар талқандаған Корея селолары қайтадан салынып жатыр. Көктемгі егіс науқаны қысқа мерзімде аяқталды. Шаруалар бұрын құлазып жатқан мыңдаған гектар жерді көтерді. Жаңа су қоймалары мен суару каналдары жасалуда. Аньчжу қаласы ауданындағы ірі суару жүйесінің және басқа да аудандардағы кең суландыру жүйесінің соғыс тоқтатқан құрылыс жұмыстары қайтадан қолға алынды.

Халықтық үкімет ауылшаруашылық өндірісін дамытуға үздіксіз қамқорлық жасап келеді. Шаруалар заттай салық жөніндегі және тұқым мен азық-түлік қарызы жөніндегі борыштарын төлеуден босатылған. Оларға құрал-сайман, жұмыс малдарын, құрылыс материалдарын, минералдық тыңайтқыштар сатып алу үшін көп ақшалай қарыз берілуде.

Республика халық шаруашылығының қайта тууы және дамуы ең алдымен халықтың әл-ауқатын жақсартуды, халықтың заттық өмірлік дәрежесін өркендетуді көздейді. Соғыстан кейін азық-түлік және өнеркәсіп товарларына деген бағаны үш дүркін ірі арзандату саясаты жүзеге асырылды. Баға орташа алғанда 40-60 процент арзандатылды. Мемлекеттік бюджет бойынша халық тұтынатын товарлардың бағасын кезекті рет арзандату көзделіп отыр. Жұмысшылар мен қызметшілердің еңбек ақысы 1 апрельден бастап орта есеппен алғанда 25 процент көбейтілді.

орындарда түнейді. Оңтүстіккореялық газеттердің мәліметтері бойынша жұмыссыздар мен жартылай жұмыссыздардың саны 10 миллион адамдай болып қалады. Жұмыс істеп жүрген азын-аулақ адамдардың өздерінің жалақысы 1947 жылы алған жалақының небары 27 проценті ғана. Өнеркәсіп және азық-түлік товарларының бағасы үздіксіз өсіп келеді. Егер товарлардың 1947 жылғы баға индексін 100 деп алсақ, онда 1954 жылдың февралында ол 13.657 болды.

Оңтүстік Кореяда бюджеттік шығындардың 90 проценттен астамы соғыс әзірлеу мақсатына кетеді. Сөйте тұра қалалар мен селолардағы қалпына келтіруге, өнеркәсіп пен ауылшаруашылығын жандандыруға, халықтың тұрмысын жақсартуға бөсатылатын қаржы болар болмас қана. Өнеркәсіптің жайы өте нашар. Өсірілін көрсетілген мәліметтің өзін алғанда металлургиялық заводтарда өнім өндіру соғысқа дейінгі мөлшердің 7,3 проценті ғана, бұл мөлшер химия өнеркәсібінде—11,8 процент, тамақ кәсіп орындарында 19,7 процент қана.

Өнеркәсіптің тоқыма, машина жасау және басқа да салалары мүлдем тоқтап тұр. Мұның мәнісі мынада: Кореяда келіссөздер жасалғаннан кейін Құрама Штаттар Оңтүстік Кореяны онан әрі қулану және елдің оңтүстігін американ товарларын өткізу мақсатындағы рынокка айналдыру үшін оның өнеркәсібін талқандау саясатын күшейте түсті.

АҚШ-тың бейне бір «көмегі» де Кореяның оңтүстігін онан әрі американ отарына және соғыс базасына айналдыруды көздейді. Осы «көмек »жалауын бүркеніп ете отырып, океанның ар жағындағы монополистер оңтүстіккорейлік порттар-

және оның тобы оңтүстікте террорды күшейтті. Жуырда Оңтүстік Кореяда сайлаушылар мен оппозициялық топтардың кандидаттары жөнінде зорлық және полициялық шектен шығушылық жағдайда өткізілген ұлттық жиналыска «сайлау» бұған толық дәлел.

Елде правосыздық және катаң жазалаушылық тәртіп орнатта отырып, Ли Сын Ман тобы АҚШ-тың сілтеуімен соғысты қайта бастауға дайындық жасауда. Американ соғыс құмарларының көмегіне сүйенген Ли Сын Ман армияның, полиция мен көмекші отрядтардың санын молайтуда.

Оңтүстік Кореяның халқы американдардың қолымен құрылған лисынмандық жартылай фашистік полицейлік тәртіпті жек көреді. Соғыс өртін тұтандырушылардың арандатушылық саясаты оңтүстіктің барлық халқы тарапынан наразылыққа кездесіп отыр. Түрлі себептерді бетке ұстап жастар әскери қызмет атқарудан бастартып бағуда және армия мен көмекші отрядтардан қашып кетуде. Еңбекшілер оңтүстіктің порттары мен өнеркәсіп орталықтарында соғыс әзірлігіне бөгет жасай стырып, көпшілік ереуілдерге шығып жүр. Шаруалар тонаушылық салықты төлеуден бас тартуда және партизандарға үзбей көмек көрсетуде.

Оңтүстік Кореяның халқы корея жерінде бейбітшілік болуын тілейді, шетел әскерлерін кері әкетуді, біртұтас, тәуелсіз және демократиялық Корея құруды талап етеді. Корея жарты аралының миллиондаған қарапайым адамдары корей мәселесін түпкілікті етіп бейбітшілік жол мен шешуді қамтамасыз ететін жағдай жасаудың жолы табылуын тілейді.

В. ЛАТОВ.

СОВЕТ ОДАҒЫНА АРНАЛЫП ЖАСАЛҒАН ТЕПЛОХОДТЫҢ БЕЛЬГИЯДА СУҒА ТҮСІРІЛУІ

БРЮССЕЛЬ, 15 август. (СОТА). «Боель» фирмасы Совет Одағына арнап жасаған, су ығыстыру мөлшері 3.100 тонналық «Николай Добролюбов» теплоходы кеше Тамиза (Шығыс Фландрия провинциясы) қаласында верфьтен суға түсірілді. Бұл ССРО-ның сауда флотына арнап фирманың быйылғы жылы жасаған үшінші теплоходы.

ССРО және Бельгия мемлекеттік жалауларымен безендірілген теплоходты суға түсіру салтанаты кезінде екі елдің мемлекеттік гимндері орындалды. Оған Совет елшілігінің мүшелері, ССРО-ның Бельгиядағы сауда өкілі Роднов және кеме верфінің басшылары қатысты.

ХАЛЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ БҮКІЛҚЫТАЙЛЫҚ ЖЫЙНАЛЫСЫН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ

ПЕКИН, 15 август (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлады: Орталық Халық үкіметі Советінің қарары бойынша Қытай Халық Республикасының халық өкілдерінің бүкілқытайлық жыйналысының бірінші сессиясын шақыру 1954 жылғы 15 сентябрьге белгіленді.

Француз жұртшылығы Туниске әскери көмек жіберуге қарсы шығуда

ПАРИЖ, 14 август. (СОТА). «Юманите» газетінің хабары бойынша, кеше Виль —Д'Оран теплоходы Марсельден Туниске сапарға шыққан, онда екі мың солдат пен офицерлер бар.

Туниске әскери көмекті онан әрі жөнелте беру Францияның демократиялық жұртшылығының наразылығын туғызуда. Францияның республикашыл жастар одағы мәлімдеме жариялады, онда барлық прогрессіл ұйымдарды Солтүстік Африкаға француз солдаттарын жіберуге қарсы күресуге шақырады. Туниске әскерлер жіберу, делінген мәлімдемеде, француз үкметінің Тунис проблемасын Тунистің жаңа үкметімен келіссөздер жүргізу арқылы бейбітшілік жолымен шешуге берген уәделеріне қайшы келеді.

Оңтүстік Кореяда төтенше жағдай енгізілуі

ПХЕНЬЯН, 15 август. (СОТА). Кореяның орталық телеграф агенттігінің, Оңтүстік кореялық Тоньян, Тхансон агенттігінің хабарына сүйене отырып берген хабарына қарағанда, Кореяның азат етілу күніне тоғыз жыл толуына байланысты 13 августан бастап Оңтүстік Кореяның бүкіл территориясында «төтенше жағдай» енгізілген.

ВЬЕТНАМДА СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫН АЙЫРБАСТАУ

ШАНХАЙ, 18 август. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігінің бүгінгі хабарына қарағанда, Вьетнам Халық армиясының командованиесі елдеріне қайтару үшін Вьет- Три және Сам- Сон (Тань-Хоа провинциясы) пункттеріне жеткізетін француз соғыс тұтқындарының арасында 280 офицер, оның ішінде Диен Биен Фуда тұтқынға алынған генерал Де Кастри, полковниктер Лаланде, Лангле және Транкар бар.

Вьет- Триге жеткізілетін 4910 соғыс тұтқындарының ішінде 4590 европалық тар мен африкандықтар және 320 вьетнамдықтар бар.

ПАРИЖ, 14 август. (СОТА). Баспасөздің хабарына қарағанда, республика президенті Рене Котидің председательдігімен болған Франция министрлер советінің кешегі мәжілісі өте қызу жағдайда өткен. Мәжлісте «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы мәселе жөнінідегі Мендес- Франстың ұсыныстары бекітілді. Министрлер советі Мендес-Франсқа алдағы Брюссель кеңесінде «европалық армияның» жобасындағы кейбір ережелерді өзгерту туралы француздық ұсыныстарды қорғауға өкілдік берді. Мәжлісте халықаралық саясаттың жалпы мәселелері де талқыланды.

«Әлеуметтік республикашылдар» (бұрынғы дегольшілдер) тобына кіретін ұлттық қорғаныс министрі генерал Кениг, қайта құрылыс министрі Лемэр және қоғамдық жұмыстар министрі Шабан Дельмас министрлер советінің қарарларымен келіспейтіндіктерін мәлімдеп, дереу орындарынан түсті.

Мендес- Франс «европалық армия» туралы айтыстар аяқталғанға дейін бұл орындарға жаңа министрлер тағайындамауды ұйғарды. Ұлттық қорғаныс министрінің міндетін Эммануэль Тампль, қайта құрылыс министрінің міндетін Клодиус- Пети және қоғамдық жұмыстар министрінің міндетін Буржес Монури уақытша атқарады.

Алайда, Мендес- Франстың үкметінде дегольдік үш министр және статс—секретарь: Фуше, Юльвер және Катру қалды. Олар бүгін өздерінің позициялары жөнінде түсінік беру үшін «әлеуметтік республикашылдардың» парламенттік тобы бюросының мәжілісіне шақырылды.

ГЕРБЕРТ ГУВЕРДІҢ АҚШ-тың МЕМЛЕКЕТТІК СЕКРЕТАРЫНЫҢ КІШІ ОРЫНБАСАРЫ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛУЫ

ВАШИНГТОН, 18 август. (СОТА). Президент Эйзенхауэр Герберт Гуверді орынан алынуы осы жылғы күздің бас кезінде күшіне кіретін Уолтер Беделл Смиттің орнына мемлекеттік секретардың кіші орынбасары етіп тағайындады. Соңғы жылдар бойына Гувер мемлекеттік секретарь Даллестің арнаулы кеңесшісі қызметінде болды.

туралы баяндамсын қуаттаы мәлімдеме жариялаған.

Чанкайшилік сатқын топты жойып, Қытайдың территориясының біртұтастығы мен суверенитетін қалпына келтіру, делінген мәлімдемеде, —қытай халқының қасиетті міндеті. Гоминданның революциялық комитетінің барлық мүшелері бүкіл елдің халқымен бірге Қытай коммунистік партиясының төңірегіне Тайваньды азат ету және чанкайшилік топты жою жолындағы күресте бұрынғыдан да тығыз топталуға тиіс.

Қытайдың демократиялық лигасының председателі Чжан Ланьның мәлімдемесінде Тайвань азат етілгенге дейін Қытайды азат ету ісі аяқталмайды деп көрсетілген. Тайваньды азат ету және бүкіл Қытайды азат етуді аяқтау —қытай халқының тарихи құрметті міндеті. Біз бұл міндеттің ойдағыдай орындалатындығына берік сенеміз.

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.

МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМДАР ССРО-ны ӨРКЕНДЕТУДІҢ БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

1954 ЖЫЛҒЫ 30 СЕНТЯБРЬДЕ, МОСКВА ҚАЛАСЫНДА

Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемының 41—негізгі, 7 қосымша тиражы өткізіледі.

Тиражда заемның 6 разрядына мына мөлшерде ұтыстар шығады:

ұтыс мөлшері	негізгі тиражда	ұтыс мөлшері	қосымша тиражда
50.000 сомдық	12 ұтыс	100.000 сомдық	6 ұтыс
25.000 сомдық	30 ұтыс	50.000 сомдық	30 ұтыс
10.000 сомдық	150 ұтыс	25.000 сомдық	150 ұтыс
5.000 сомдық	480 ұтыс	10.000 сомдық	480 ұтыс
1.000 сомдық	4200 ұтыс	5.000 сомдық	4800 ұтыс
400 сомдық	46128 ұтыс	1.000 сомдық	13800 ұтыс
		400 сомдық	49734 ұтыс

Негізгі тиражда барлығы 27901200 сомдық 51000 ұтыс
Қосымша тиражда барлығы 68343600 сомдық 69 мың ұтыс

ЗАЕМ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ БАРЛЫҚ ЖЫЙНАҚ КАССАЛАРЫНДА ЕРКІН САТЫЛАДЫ ЖӘНЕ САТЫП АЛЫНАДЫ

Облигациялар мына бағалармен сатылады:

200 сомдық облигациялардың тұрар бағасы	100 сомдық облигациялардың тұрар бағасы
августың 16-нан 30-на дейін 203 сом	101 сом 50 тыйын.
сентябрьдің 1-нен 15-не дейін 204 сом	102 сом.
сентябрьдің 16-нан 29-на дейін 205 сом	102 сом 50 тыйын.

МЕМЛЕКЕТТІК 3 ПРОЦЕНТТІК ІШКІ ҰТЫС ЗАЕМЫНЫҢ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛЫҢЫЗДАР!

Жыйнақ кассаларының басқармасы.

1954 жылдың төртінші тоқсанына облыстық

„Ленин туы" және „Ленинское знамя"

газеттеріне жазылушылар қабылдана бастады

Газеттерге Байланыс министрлігінің барлық конторларында, бөлімшелері мен агенттіктерінде, кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздардағы, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

Кинолларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«БАТЫРДЫҢ ҚАЛЫНДЫҒЫ»

Сағат 4-30, 6-30, 8-30, 10-30, басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«КӨҢІЛДІ ЖҰЛДЫЗДАР»

Сағат 6, 8, 10-да басталады.

Ипподром ауданында облыстық су құрылысына (қалалық құрылыс конторы базасы мен «Заготживсырье» базасының арасында) күзетшілер, маусымдық жұмысшылар, тасшылар, шоферлар керек.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде кешкі сағат 5-тен 6-ға дейін келіп түсінік алуға болады.

Петропавл қаласы Шмидт көшесі, 161-үйде тұрушы Дмитрий Данилович Лисяной, Петропавл қаласы Холодильник көшесі, 122-үйдегі 11-бөлмеде тұрушы Анастасия Павловна Лисянаядан айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-учаскетік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02089. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.